



Жылдық есеп 2013



**CAERCO**

Орталық-Азия Электроэнергетикалық  
Корпорациясы

# Мазмұны

4

5

6

10

20

24

32

44

56

60

68

70

76

77

78




**CAERCO**

Орталық-Азия Электроэнергетикалық  
Корпорациясы

# Негізгі көрсеткіштер



# Қызмет ету географиясы





## «ОАЭК» АҚ директорлар Кеңесі Төрағасы Клебанов Александр Яковлевичтің үндеуі

### Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Орталық-Азия  
Электроэнергетикалық Корпорациясы»  
акционерлік қоғамының 2013 жылғы есебін  
ұсынамын

2013 жылы Корпорация алғашқы бесжылдық мерейтойын атап өтті. Бүгінгі таңда «ОАЭК» АҚ – Қазақстандағы аса ірі жеке меншік энергетикалық компания болып табылады. Оның акционерлерінің құрамына ЕҚДБ, АДБ және ИДБ сияқты үш беделді халықаралық институт кіреді. Біз осы жылдар аралығында жасаған жұмысымызды мақтанышпен айта аламыз. Корпорация өндірістік және қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін көрсете білді. Компания іргесі қаланған 2008 жылдан бастап 2014 жылдың басына дейін электр энергиясын өндіру 25,5%-ға өсіп, Корпорация табысы 3 есе артты.

Мұндай көрсеткіштерге қол жеткізуіміз – Корпорацияның өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық мақсаттарын сәтті жүзеге асыруының заңды нәтижесі. «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарындағы жабдықтарды жаңарту және қайта жарақтау жобаларының жүзеге асуына көп ретте мемлекет тарапынан жасалған қолдау көмектесті. Энергиямен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан Үкіметінің үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа индустриалды жобаларды дамытудың энергетикалық базасын жасауға түрткі болды.

Қазіргі таңда «ОАЭК» АҚ жоспарланған капитал салымдарының көлемі бойынша Қазақстанның электр энергетикасы саласында 3-орын алады. Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, Корпорация 2009–2018 жылдар аралығында өндірістік активтерді жаңартуға 190 млрд теңгеден астам қаржы бөлуді мақсат етіп отыр. Бұл инвестициялар энергетикалық нысан жабдықтарының сенімді әрі тиімді жұмыс істеуін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ нысандарының бір бөлігін өз қаражаты есебінен жаңартуды жоспарлап отыр. Компанияның Еуропа қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкі және Ислам даму банкі бірлесіп құрған Ислам инфрақұрылымдық қоры сияқты акционерлерінің қолдауы арқасында Павлодар, Петропавл және Екібастұз қалаларында орталықтандырылған жылумен қамту саласын жаңғырту, өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту бойынша ұзақмерзімді жобалар жүзеге асырылуда.

Халықаралық жетекші институттардың Компания жобаларына қатысуы, инвестициялық бағдарламалардың ұзақмерзімді қаржыландырылуы – Компанияның корпоративтік басқаруына және таңдаған даму стратегиясына деген зор сенімнің көрсеткіші болып табылады.

Болашақтағы жоспарларға қатысты айтарым, Компания қызметкерлерінің бәрі, топ-менеджмент және акционерлері өндірістік қызметті әрі қарай жетілдіруге және озық технологияларды енгізуге мүдделі. Бұл сенімділікті арттыруға және Корпорация тұтынушыларын үздіксіз энергиямен жабдықтауға әкеледі, сондай-ақ, осы мақсатқа қол жеткізу үшін олар қолдарынан келгеннің бәрін жасайды. Жеке ресурстары, ірі әрі сенімді халықаралық кредиторлар және мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің арқасында «ОАЭК» АҚ 2014 жылы және одан кейін де Қазақстан Республикасының электр энергетикасы нарығында алатын орнын нығайта береді.

*Компаниямыздың болашағы жарқын боларына сенімдімін!*



«ОАЭК» АҚ Президенті  
Амирханов Ерқын Адамияновичтің  
үндеуі

### Құрметті серіктестер!

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ дамудың тұрақты да оң қарқынын көрсетіп және Компания стратегиялық даму аясында алға қойған міндеттерді жүзеге асыруды жоспарлы түрде орындап келеді

Бүгінде «ОАЭК» АҚ Қазақстанның жетекші энергетикалық компанияларының бірі болып табылады. Ол жалпы орнатылған қуаттылықтар бойынша 3-орынға, пайда көлемі бойынша 2-орынға ие.

2013 жылдың қорытындысы бойынша «ОАЭК» АҚ-ның активтері 2012 жылмен салыстырғанда 15,7%-ға өсіп, 160 млрд теңгені құрады. Бұл Компанияның мемлекеттік бағдарламаларды, шекті тарифтерді орындауы, жеке қаражаты және қарыз капиталы есебінен ірі инвестициялық жобаларды іске асыруымен байланысты.

Экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда, электр энергетикасындағы инвестициялық цикл анағұрлым ұзағырақ, ол 7–8 жылды құрайды. Алайда қазірдің өзінде Корпорацияның инвестициялық жобаларды жүзеге асыруының оң нәтижелерін көре аламыз. 2013 жылы Компанияда электр энергиясын өндіру 6 137,5 млн кВт-сағ. құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда, 10,1%-ға артық деген сөз. Өзіміздің электр энергиясын беретін кәсіпорындарымызда электр энергиясын тасымалдау кезінде орын алатын жоғары нормативтік шығындарды жойдық: Петропавлда бұл шығындар толық жойылса, Павлодарда 0,3%-ды құрайды. Қазандық және турбиналы жабдықтарды қайта құрылымдаудың арқасында энергияны өндіру кезіндегі отын шығыны азайды.

Өндірістік тәжірибені жетілдіріп және негізгі қорды жаңарта отырып, Компания өңірлердегі экономиканы ілгері дамытуды мақсат етеді. «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарының негізгі стансалық жабдықтарын қайта жарақтау және жаңарту бағдарламасы өндіріс стансаларының тозуын 80%-дан 39%-ға дейін қысқартып, өндірістік активтерді 62%-ға жаңартып, 2010 жылы белгіленген электр қуатын 942 МВт-тан 2018 жылы 1 194 МВт-қа дейін ұлғайтуға арналған. Бұнымен қатар өнеркәсіптік, сондай-ақ, тұрмыстық тұтынушыларды тұрақты жылу және электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр және жылу желілерін жаңарту және қайта жарақтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Корпорацияның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі – өндірістің өсуі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері арасындағы тепе-теңдік деңгейге қол жеткізу болып табылады. Компания 2013 жылы күлдің 99,7%-ын, сондай-ақ, басқа да зиянды қалдықтарды ұстап қалатын екінші буынды эмульгаторларды орнату жобасын аяқтады. Петропавл, Павлодар және Екібастұздағы жаңа күл үйінділердегі құрылыс жұмыстары жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Құрылыста өңірлердегі экологиялық ахуалды жақсартуға арналған заманауи инновациялық технологиялар пайдаланылады. Жалпы жаңарту бағдарламасының аяқталар кезінде Корпорация кәсіпорындарының атмосфераға шығаратын зиянды қалдықтарының үлесі 30%-ға қысқарады.

Әлеуметтік жауапкершілігі бар компания болғандықтан, «ОАЭК» АҚ еңбек ресурстарын және қоғамның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Компания қызметкерлерінің жалпы саны 8 000-нан асады. Компанияның инвестициялық жобаларын жүзеге асыру және автоматтық деңгейі жоғары жабдықтармен жұмыс істеу үшін арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар қажет. 2013 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының 4 586 қызметкері дайындау, қайта дайындау және біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Корпорация өндірістік, еңбек және қаржы ресурстарының барлық қорын өз тұтынушыларын электр және жылу энергиясымен тиімді және үздіксіз қамтамасыз ету, өңірлердің өнеркәсіптік және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытуға жағдай жасау сияқты өз мақсаттарына қол жеткізуге жұмсайды.

*Қиын да қызықты жобаларды бірге еңсеретімізге кәміл сенемін!*



## Корпорация туралы

### ҚЫСҚАША ТАНЫСТЫРУ ЖӘНЕ КОРПОРАЦИЯ ТАРИХЫ

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы – вертикалды түрде біріктірілген энергетикалық компания. «ОАЭК» АҚ 2008 жылдың 8 тамызында Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы электр және жылу энергиясын өндіретін, тасымалдайтын және өткізетін компанияларды, сондай-ақ Астана қаласындағы өткізу компаниясын біріктіру мақсатында құрылған болатын.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің үздіксіз тәжірибесі мен Компания қызметінің ашықтығы инвесторлар тарапынан, оның ішінде халықаралық даму институттары тарапынан сенімділік ұялатады. Компания тіркелген кездегі бірден-бір құрылтайшы – «ОАОЭК» АҚ болатын. 2009 жылы Еуропа қайта құру және даму банкі (әрі қарай – ЕҚДБ) «ОАЭК» АҚ-ның орналастырылған акцияларының 24,99%-ын сатып алды. 2011 жылдың сәуірінде Kaz Holdings Cooperatief U.A. (Амстердам қ.) Корпорациясы акционер атанды. Сол сәттен бастап ол «ОАЭК» АҚ-ның орналастырылған акцияларының 12,89%-ына ие. Kaz Holdings Cooperatief U.A.-ны Малайзияда тіркелген Ислам инфрақұрылымдық қоры құрған. Ислам инфрақұрылымдық қоры – Ислам даму банкі мен Азия даму банкінің бірлескен қоры болып табылады.

«ОАЭК» АҚ-ның 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жарғылық капиталы 37 590 045 мың теңгені құрады, Қоғамның қарапайым акцияларының саны – 32 148 163 дана.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы Компанияның активтері 160 млрд теңгені құрады, операциялық пайда (ЕБИТДА) – 18,5 млрд теңге.

Қазіргі таңда «ОАЭК» АҚ активтері еліміздің солтүстік аймақтары – Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Павлодар, Екібастұз, Петропавл және Астана қалаларында ұсынылған. Компания кәсіпорындары тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету бойынша өндіру, тасымалдау және энергия ресурстарын өткізу сияқты толық өндірістік циклді жүзеге асырады.

«ОАЭК» АҚ-ның жалпы белгіленген электр қуаты 1 061 МВт-ты құрайды, аталмыш көрсеткіш бойынша Корпорация Қазақстанның жеке энергия өндіретін компанияларының ішінде көш бастап келеді. Корпорацияның жалпы белгіленген жылу қуаты – 2 895 Гкал·сағ. Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы – шамамен 30 мың км, жылу желілерінің ұзындығы 987 км-ден асады. 2013 жылы «ОАЭК» АҚ 6 137 млн кВт·сағ. электр энергиясын және 6 132 мың Гкал жылу энергиясын өндірген.

«ОАЭК» АҚ-ның Қазақстан өңірлеріндегі еншілес кәсіпорындарын вертикалды түрде біріктірілген екі энергетикалық компания арқылы көруге болады, олар – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛО-ДАРЭНЕРГО» АҚ. Бұларда өндіру, тасымалдау және өткізу сияқты энергиямен жабдықтаудың барлық желілері қамтылған. Астана қаласында Компания «Астанаэнергосбыт» ЖШС өткізу құрылымын бақылайды. «ОАЭК» АҚ-ның өндіруші кәсіпорындары – электр және жылу энергиясын аралас өндіретін стансалар: Павлодар 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Екібастұз ЖЭО, Петропавл 2-ЖЭО.

Жеке желілерінің арқасында «ОАЭК» АҚ-ның жылу және электр энергиясын әр тұтынушыға барынша тиімді жеткізуге мүмкіндігі бар. Компанияның жақсы әртараптандырылған тұтынушылар қоржыны бар және 20%-ға жуық энергияны КЕГОС-тың қосылған желілерінің арқасында көтерме нарыққа сатады. «ОАЭК» АҚ отбасылық коэффициентті ескере отырып, 2 млн-нан астам адамға немесе Қазақстан халқының 12%-ына қызмет көрсетеді.

«ОАЭК» АҚ-ның энергия өндіретін кәсіпорындарындағы жылудың негізгі көзі – Екібастұз бассейнінің көмірі болып табылады, оның геологиялық қоры – 140 жыл деп болжанған. Компанияның еншілес кәсіпорындарына қатысатын өңірлер – Қазақстан Республикасының Ресеймен шекаралас аумағында орналасқан солтүстік облыстары (Павлодар, Солтүстік Қазақстан) болып табылады. Бұл географиялық ерекшелік кернеуі 110 кВт болатын Омск, Курган, Барнаулдағы электрді берудің жеке желілерімен бірге, Ресейдің көршілес облыстарымен салыстырғанда төмен тарифтерінің арқасында бәсекеге қабілетті қор жинауға және ұзақмерзімді болашаққа Ресейге электр энергиясын экспорттау әлеуетіне мүмкіндік береді.

## РЕЙТИНГ

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2013 жылы 6 маусымда Компанияға келесідей рейтингтерді берді:

- Шетелдік валютадағы компания дефолтының ұзақмерзімді «**BB-**» рейтингі («РДЭ»), болжамы – «тұрақты»;
- Шетелдік валютадағы қысқамерзімді «**B**» РДЭ;
- Ұлттық валютадағы компания дефолтының ұзақмерзімді «**BB-**» рейтингі («РДЭ»), болжамы – «тұрақты»;
- Ұлттық ұзақмерзімді «**BBB+** (kaz)» рейтингі, болжамы – «тұрақты».

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2013 жылдың 18 қыркүйегінде Компанияның қарыз бағалы қағаздарына (НИН KZP01Y10E533) «**B+**» (EXP) халықаралық рейтингін берді.

### Кредиттік рейтинг

Компания еншілес кәсіпорындары қызметінің тұрақтылығы «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігімен расталған:

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – **A+** (кредитке қабілеттілік деңгейі өте жоғары);
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – **A+** (кредитке қабілеттілік деңгейі өте жоғары).

## МІНДЕТ

**Компанияның міндеті** – өз тұтынушыларының өмір сүру сапасын арттыру және өңірлерді экономикалық жағынан дамытуға жағдай жасау. Бұл міндеттерге Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары, Екібастұз, Павлодар, Петропавл және Астана қалаларындағы халықты энергиямен жабдықтау және халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету, өнеркәсіптік кәсіпорындар, бюджеттік және коммерциялық ұйымдар бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

**Көрсетілетін қызметтердің** сапасы барлық техникалық талаптарды, сондай-ақ, тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейін сақтай отырып, энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігін білдіреді.

**Тиімділіктің негізін** Компания қызметкерлері құрайды, олардың құндылығы – жоғары кәсібилігінде, командамен жұмыс жасай білуінде және нәтижеге қол жеткізе алуға ұмтылысында жатыр.

## КӨРІНІС

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында.

Компания өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады.

Компания жеке бөлімшелердің (кәсіпорын топтарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Компания қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Компанияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.

## СТРАТЕГИЯ

«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – жоғары экологиялық талаптарды ұстана отырып, халықты үздіксіз әрі сапалы қызметпен қамтамасыз ететін тиімді жеке энергетикалық компания құру болып табылады. Мынадай басым бағыттар бойынша іс-шараларды жүзеге асыру арқылы аталған мақсатқа қол жеткізіледі.

### «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің негізгі бағыттары

	ИННОВАЦИЯЛАР	Өндірістің техникалық деңгейін арттыру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңарту арқылы қолданыстағы энергетикалық активтерді дамыту Болашағы бар инновациялық жобаларды енгізу, жаңа технологиялық шешімдерді жүзеге асыру
	КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ	Өндірістік секторда және кәсіпорындарды басқаруда кадрлық құрамды жаңа тиімді технологияларға үздіксіз үйрету

### Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания мынадай міндеттерді жүзеге асырады

	инвестициялық бағдарламалар жүргізу, апаттылық қауіп-қатерлерін төмендету және жұмыссыз тұрып қалуға жол бермеу үшін электр өндіретін нысандардағы жабдықтарды қайта жарақтау және жаңарту
	жылу және электр энергияларын тасымалдау кезінде тым жоғары нормативтік шығындарды төмендету
	жылу және электр энергиясы бірліктерін өндіруге жұмсалатын меншікті шығындарды төмендету
	энергияны өндіру және тасымалдау кезінде үнемдеуші және энергиялық тұрғыдан тиімді технологияларды енгізу
	басқару жүйелерін жетілдіру экология, қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы халықаралық стандарт талаптарына сәйкестіктің сертификатын сақтау
	қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту
	кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу


## ТОП ҚҰРЫЛЫМЫ

01.01.2014 жылғы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның акционерлік капиталы **37 590 045 мың теңгені** құрайды.

Есептік кезеңде Корпорация акциялармен айтарлықтай маңызды мәмілелер жасамады. Орналастырылған акциялар санының бес және одан да жоғары пайызы көлеміндегі акцияларға ие акционерлердің құрамында ешқандай өзгерістер орын алған жоқ.

### «ОАЭК» АҚ акционерлік капиталының құрылымы

Капиталдағы үлесі



- «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ
- Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) (Лондон, Ұлыбритания)
- Kaz Holdings Cooperatief U.A. (Амстердам, Нидерланд)



### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысын энергиямен жабдықтаудың барлық желілерін (энергия ресурстарын өндіру, тасымалдау және өткізу) қамтамасыз ететін вертикалды түрде біріктірілген компания.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамына келесілер кіреді:

- Павлодар 2-ЖЭО;
- Павлодар 3-ЖЭО;
- Екібастұз ЖЭО;
- «Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ (Екібастұз қ. мен Екібастұз ауданынан басқа, Павлодар қ. мен Павлодар облысының электр желілері);
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС (Павлодар және Екібастұз қалаларының жылу желілері);
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС.

Электр стансаларының жалпы белгіленген электр қуаты 627 МВт, жылу энергиясы – 2 102 Гкал·сағ. құрайды. Өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізат – Екібастұз бассейнінің тас көмірі болып табылады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 750 мың халқы бар, жалпы ауданы 124,8 мың шаршы км болатын Павлодар облысы аумағын электрмен жабдықтайды. 2013 жылы электр энергиясын өндіру 3 534,4 млн кВт·сағ. құрады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізіледі. Электр беру желісінің ұзындығы 15 782,4 км құрайды. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы 755,8 км.

### «Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ

«Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ-ның («ПЭТК» АҚ) негізгі қызметі Павлодар облысының 10 ауданына, Павлодар және Ақсу қалаларына электр энергиясын беру және тарату болып табылады. Өндірістік қуаттылығы Павлодар қаласы мен Павлодар облысында орналасқан. Қызмет көрсету аумағының ауданы – 105 900 шаршы км құрайды.

«Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ электр желісі «Қазақстан Электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (KEGOC) электр желісі арқылы Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесіне және Ресей желілеріне қосылған, бұл Павлодар № 1, 2 және 3 ЖЭО өндіретін электр энергиясын «ПЭТК» АҚ-ның таратуына мүмкіндік береді. № 1 ЖЭО «Қазақстан алюминии» АҚ-на, № 2 және 3 ЖЭО – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі.



Кәсіпорынның құрамына келесі бөлімшелер кіреді:

- 0,4–10 кВ болатын электр желілерін тарату және 35–220кВ шағын стансаларға қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар — Шығыс және Батыс электр желілері кәсіпорындары. Олардың құрамына орналасқан жерлері бойынша 0,4–10 кВ болатын желілерге қызмет көрсететін 11 аудандық электр желілері кіреді:
  - Батыс кәсіпорны бойынша Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Май АЭС-тері және Ақсу электр желілері (солтүстік жағалау);
  - Шығыс кәсіпорны бойынша Железинск, Качирск, Лебяженск, Павлодар, Успенск, Щербактинск АЭС-тері (оңтүстік жағалау);
- Павлодар қаласы электр желілерінің қалалық кәсіпорны — 0,4–10 кВ болатын тарату желілерін пайдалануды және техникалық тұрғыдан қызмет көрсетуді жүзеге асырады;
- Павлодар облысының өнеркәсіптік-жөндеу кәсіпорны — 35–220 кВ болатын жоғары вольтті электр беру желілерін пайдаланумен және қызмет көрсетумен айналысады;
- қызметтердің реттелетін түрлеріне жатпайтын қалалық үй ішілік желілер кәсіпорны — Павлодар мен Ақсу қалаларындағы көп қабатты үйлер кондоминиумының 0,4 кВ болатын электр желілеріне қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейді;
- өндірістік басқармалар, қызметтер мен бөлімдер.

### «Павлодар жылу желілері» ЖШС

«Павлодар жылу желілері» ЖШС Павлодар мен Екібастұз қалаларының тұтынушылары үшін жылу энергиясын беруді және таратуды жүзеге асырады. Кәсіпорын қызметі жылу желілерін пайдаланудағы сенімділікті жетілдіруге, жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну процестерін үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жылу желілері Павлодар қ. бойынша 413,5 км созылып жатыр және оған келесілер кіреді:

- магистральді жылу желілері — 110 км;
- орамдық жылу желілері — 280,5 км;
- ыстық сумен жабдықтау желілері — 23 км;
- сорғы стансалары — 11 бірлік;
- орталық жылу пункттері — 22 бірлік.

Жылумен жабдықтау Екібастұз ЖЭО энергия көзінен жүзеге асатын Екібастұз қ. жылу желілерінің ұзындығы 342,3 км және оған келесілер кіреді:

- магистральді жылу желілері — 37,6 км;
- орамшiлік жылу желілері — 304,7 км;
- орталық тарату пункті — 1 бірлік;
- сорғы стансалары — 5 бірлік;
- павильондар — 5 бірлік.

### «Павлодарэнергосбыт» ЖШС

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС — Павлодар облысы, Павлодар және Екібастұз қалаларының тұтынушыларын электр және жылу энергиясымен жабдықтауды қамтамасыз ететін энергиямен жабдықтаушы ұйым.

Ұйым:

- Павлодар қаласын электр және жылу энергиясымен;
- Павлодар облысы аудандары мен Ақсу қаласын электр энергиясымен;
- Екібастұз қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз етеді.

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны 2013 жылдың 31 желтоқсанында: электр энергиясы бойынша 218 823, ал жылу энергиясы бойынша 162 376 құрады.

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС заманауи технологияларды пайдалана отырып, сервистік қызмет көрсету сапасын арттыру саясатын жүзеге асырады. Компания тұтынушыларына ыңғайлы болу үшін ақы төлеу жүйесін екінші деңгейлі банк, ғаламтор, банкомат, терминал, шағын дүңгіршектер арқылы іске асыру жолға қойылған. Облыс орталығында төлемдерді қабылдау бойынша 6 халыққа қызмет көрсету пункті, Екібастұзда 2, Ақсуда 2, өткізудің аудандық учаскелерінде 10 касса бар. Екінші деңгейлі 14 банкпен, «Қазпошта» АҚ филиалымен төлемдерді қабылдауға шарт жасалған.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында энергияны үнемдеу бойынша бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Павлодарэнергосбыт» ЖШС жеке тұлғалар үшін тұтыну көлеміне байланысты электр энергиясына дифференциалды тарифтерді қолданса, барлық санаттағы тұтынушылар үшін тәулік аймақтары бойынша дифференциалды тарифтерді қолданады.



### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы — Солтүстік Қазақстан облысын энергиямен жабдықтаудың барлық желілерін (энергия ресурстарын өндіру, тасымалдау және өткізу) қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамына келесілер кіреді:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан Электр желісін тарату компаниясы» АҚ (Ақмола облысымен шекаралас 5 ауданнан басқа, Солтүстік Қазақстан облысының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қ. жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

Электр стансаларының жалпы белгіленген электр қуаты 434 МВт, жылу энергиясы — 793 Гкал/сағ. құрайды. Өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізат — Екібастұз бассейнінің тас көмірі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 579 мың халқы бар, жалпы ауданы 97 993 мың шаршы км болатын Солтүстік Қазақстан облысы аумағын электрмен жабдықтайды. 2013 жылы электр энергиясын өндіру 2 603,05 млн кВт-сағ. құрады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі, болашақта электр энергиясын Ресейге, атап айтқанда Курган және Омск облыстарына экспорттау мүмкіндігі туып отыр. Электр беру желісінің ұзындығы 13 566,4 км құрайды. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы — 231,5 км.

### «Солтүстік Қазақстан Электр желісін тарату компаниясы» АҚ

«Солтүстік Қазақстан Электр желісін тарату компаниясы» АҚ (әрі қарай – «СҚ ЭТК» АҚ) «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындары тобының өндіруші көзі Петропавл 2-ЖЭО өндіретін электр энергияны беруді жүзеге асырады.

«СҚ ЭТК» АҚ электр желілері КЕГОС электр желілері арқылы Қазақстан мен Ресейдің энергия кешендерімен байланысқан. «СҚ ЭТК» АҚ-ның негізгі қызметі – Солтүстік Қазақстан облысының 8 ауданы мен Петропавл қаласына электр энергиясын беру және тарату болып табылады. Қызмет көрсету аумағы 44 952 шаршы км құрайды.

Компанияның құрылымына төмендегі бөлімшелер кіреді:

- Қызылжар, Мамлют, Жамбыл, Есіл, Тимирязев, Аққайың АЭС-тері, М.Жұмабаев атындағы және Шал ақын ауданының электр желілері;
- Магистральді желілер мен шағын стансалардың оңтүстік учаскесі;
- қалалық электр желілері;
- өндірістік бөлімшелер мен басқармалар.

Тұтынушыларға қызметтердің қолжетімділік деңгейін арттыру мақсатында «СҚ ЭТК» АҚ 2012 жылдың қыркүйегінде Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығын ашты, мұнда кез келген адамға қызметтің келесі түрлері көрсетіледі:

- жер учаскелері мен сервитуттерді келісу;
- электрмен жабдықтауға қосылу үшін техникалық шарттар беру;
- электрмен жабдықтауға қосылу / өшіру;
- есептегіштерге пломба салу;
- басқа да кеңес беру-шұғыл қызметтер көрсету.

### «Петропавл жылу желілері» ЖШС

«Петропавл жылу желілері» ЖШС «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО-нан шығатын жылу энергиясын тұтынушыларға беруді және таратуды жүзеге асырады, Петропавл қаласындағы магистральді және тарату желілерін жаңартады, жылумен жабдықтау сапасына қойылатын жаңа талаптарды қамтамасыз етуге қабілетті жаңа энергиялық тиімді технологияларды іздеу және енгізу бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС Петропавл қаласы бойынша ұзындығы 231,5 км болатын жылу желілерін пайдалануды жүзеге асырады, оған келесілер кіреді:

- магистральді құбыр желісі – 83,8 км;
- тарату құбыр желісі – 147,7 км;
- сорғы стансалары – 33 бірл.;
- орталықтандырылған жылу пункттері – 19 бірл.

Жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызметті жүзеге асыру үшін «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жабдықтарды пайдалануды және техникалық тұрғыдан қызмет көрсетуді, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ететін қызметтер бар.

### «Севказэнергосбыт» ЖШС

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ететін энергиямен жабдықтаушы ұйым.

Компания қызметінің негізгі бағыты – энергия ресурстарын халықтың қажеттілігіне сәйкес сенімді әрі үздіксіз жеткізу болып табылады. 2013 жылғы 31 желтоқсанда «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны: электр энергиясы бойынша 160 534, жылу энергиясы бойынша 69 376 құрады.

Облыс орталығында төлемдерді қабылдау бойынша халыққа қызмет көрсететін 3 пункт, ал облыстың аудан орталықтарында 12 пункт жұмыс істейді. Төлемдерді қабылдау үшін, сондай-ақ, терминалдар мен банктердің ғаламтор-порталдары арқылы қызмет көрсету үшін 13 банкпен шарт жасалған.

Энергияны үнемдеу идеяларын дамыту мақсатында «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электрді тәуліктік тарифтік аймақтарға бөлу жүйесін іске асырып, энергияны есептеу құрылғыларын орнату қажеттілігі туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізіп келеді.



### «Астанаэнергосбыт» ЖШС

«Астанаэнергосбыт» ЖШС Астана қаласының тұтынушыларын жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда энергия ресурстарының негізгі жеткізушісі – «Астана-Энергия» АҚ (Астана қаласындағы 1-ЖЭО, 2-ЖЭО) болып табылады.

Астана – еліміздің ең жылдам дамып келе жатқан қаласы. Қалада электр энергиясын тұтыну екі стансада өндіріліп жатқан электр энергиясының көлемінен асып кетеді. Тапшылықтың орны сыртқы жеткізушілерден энергия ресурстарын сатып алу есебінен толтырылып отыр. «Астанаэнергосбыт» ЖШС сатып алатын электр энергиясы тұтынушыларға дейін «Астана-Жылутранзит» АҚ, «Қалалық электр желілері» АҚ, «Ақмола Электр желісін тарату компаниясы» АҚ, КЕГОС тәрізді тасымалдау компаниялардың желілері арқылы жеткізіледі.

2013 жылы «Астанаэнергосбыт» ЖШС сомасы 10,43 млрд теңге болатын (ҚҚС-ын есептемегенде) 2 164,9 млн кВт.сағ. электр энергиясын сатты. 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы тұтынушылардың жалпы саны: электр энергиясы бойынша 211 006, ал жылу энергиясы бойынша 182 084 құрады.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС Астана қаласы бойынша 187 116 жеке тұлға мен 8 832 заңды тұлғаға қызмет көрсетеді. Қызмет көрсетілетін аумақтың жалпы ауданы – 72 мың га. Астана қаласында төлемдерді қабылдайтын 8 пункт жұмыс істейді. Төлемдерді қабылдау үшін, оның ішінде ғаламтор және терминалдар арқылы қызмет көрсету үшін 11 банкпен шарт жасалған.

Энергияны үнемдеу қағидаттарын дамыту мақсатында «Астанаэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электрді тәуліктік тарифтік аймақтарға бөлу жүйесін іске асырып, энергияны есептеу құрылғыларын орнату қажеттілігі туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізіп келеді.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС озық салалық стандарттарға сәйкес сервистік қызмет көрсету деңгейін үнемі арттырып отырады. Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін кәсіпорынның ұйымдастырған Халыққа шоғырландырылған қызмет көрсету орталығы Компанияның тұтынушыларға қызмет көрсетуін сапалы жаңа деңгейге шығарды. Орталықтың қызметіне халықтың бақылаушыларды шақыруға берген өтінімдері, энергиямен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша тұтынушыларға көп арналы «шұғыл байланыс желісінің» телефондары арқылы толық ақпарат беру кіреді.



## Экономикаға шолу

Алдын-ала деректер бойынша 2013 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 34,14 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6%-ға өсіп отыр. 2012 жылы ЖІӨ-нің өсімі 5%-ды құрады. ЖІӨ өсімі бұрынғыша айтарлықтай жоғары болмағанымен, өткен жылы экономикадағы жағдай біршама жақсарды


ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2013 жылы экономикалық өсім негізінен ішкі сұранысы жоғары салаларда байқалды. Бұл кезде тауарлардың кейбір түрлерінің әлемдік бағаларының төмендеуі және жоғары тұтынушылық белсенділіктің негізінде импорттық жеткізу көлемдерінің өсуі сыртқы экономикалық теңгерімге қысым көрсетті.

Соңғы жылдары қызметтер саласы экономикалық өсімнің түрткісі болып, ЖІӨ-нің 67%-ға өсуіне жағдай жасады ал өнеркәсіптік өндіріс пен ауыл шаруашылығының үлесі ЖІӨ өсімінің тек 14%-ын ғана құрап отыр.

Қызметтер саласындағы өндірістің өсімін ақпарат және байланыс, қаржылық және сақтандыру қызметі, көлік, сауда салалары қамтамасыз етті. Бұл кезде аталған салалардағы өсім қарқыны төмендеп, 2013 жылы 7,4%-ды құрады (2012 жылы 10,4%-ды құраған болатын), ал ЖІӨ-ге қосқан үлесі 5,5%-дан 4%-ға дейін қысқарды.

2013 жылдың үш тоқсанында тұтынушылар сұранысының өсуі арқасында қызметтер саласы ЖІӨ-нің 5,6%-ға өсуін қамтамасыз етті, бұл кезде жалпы өсім 5,7%-ды құрады. Бұл кезеңде үй шаруашылықтары тұтынушылық белсенділіктен қаражат үнемдеуге ауысқан еді, бұған себеп болған факторлардың бірі – шынайы жалақылар өсімінің баяулауы. Алайда төртінші тоқсанда сатып алу қабілеттілігі қайта өсе бастады, бұл тұтынушылардың ағымдағы жылы қаржылық жағдайлары жақсарды деген сеніміне байланысты.


Қазақстанның ЖІӨ динамикасы



Шынайы жалақының өсу деңгейі соңғы бірнеше жыл ішінде ең төмен болды



**2013 жылы инфляция күрт төмендеді**



Өнеркәсіптік өсім 2,3%-ды құрады, бұған себеп болған негізінен тау-кен өндіру секторындағы өсім (3,1%). Бұл секторда мұнай, газ және металл рудаларын өндіру көлемінің ұлғаюы байқалған еді. Өндірісінің 40%-ы дайын энергияны көп қажет ететін металлургиялық кешен қамтамасыз ететін өңдеу секторының өсімі төмендеу болды (1,6%). Мұндағы көлемдер бірінші кезекте тағам өнімдері мен сусындарды (12,5%) өндіру және машина жасау (14,7%) көлемдерінің өсуіне байланысты болды. Ал металлургиялық сектор Қытай мен Еуропа Одағының тарапынан сұраныстың төмендеуінің кесірінен, сондай-ақ металдар бағаларының төмендеуінің салдарынан теріс динамиканы көрсетті.

2013 жылы инфляция 4,8%-ды құрады, бұл ҚР Ұлттық Банкі белгілеген 6–8%-дық мақсаттық мәннен төмен. ҚР ҰБ хабарлағандай, инфляциялық үрдістер бірінші кезекте тұрғындарға көрсетілетін ақылы қызметтердің қымбаттауының негізінде қалыптасты, бұл кезде 4-ші тоқсанды қоспағанда, бүкіл жыл бойы тағам және тағамдық емес өнімдер бағаларының өсуі баяу жүрді.

2013 жылы электр энергиясының бағасы 7,3%-ға өссе, жылу құны 4,3%-ға өсті, бұл 2012 жылдың тиісті көрсеткіштерінен төменірек (сәйкесінше 10,1% және 9,3%-ға). Электр энергиясының бағалары үкіметтің 2009 жылғы 25 наурыздағы қаулысының аясында өсіріліп келеді, бұл қаулыда электр энергиясы тарифінің 2015 жылға дейін жыл сайын өсуі көзделген, осының арқасында тиісті инфрақұрылымды жаңартуды жүзеге асыруға мүмкіндік туындайды. Жылу энергиясы бағалары өсуінің бірден-бір себебі – көмір мен мазут сияқты шикізаттың қымбаттауы.

**Электр және орталықтандырылған жылумен қамту бағаларының өсуі баяулады**

Өткен жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша кезеңнің соңындағы бағалардың индексі, пайыздармен берілген



Телем теңгерімінің құрылымындағы ағымдағы шот 2009 жылдан бері алғаш рет теріс болды. Бұл көрсеткіштің нашарлау себебі – металлургиядағы жағдай, бұл саладағы әлемдік сұраныс көлемдерінің теріс тенденцияларын нашар баға конъюнктурасы толықтырды. Бұл кезде тұтынушылық және инвестициялық тауарларды сырттан әкелу физикалық көлемінің шамалы өсімі байқалды, бұл да сыртқы теңгерімге кері әсерін тигізді.

Қысқа мерзімді перспективаға болжам жасай отырып, сарапшылар алдағы екі жылда қазақстандық экономиканың динамикасы 2013 жылғы динамикаға ұқсас болады деп бір ауыздан айтып отыр. Экономикаға негізгі әсерін тигізетін факторлардың арасында мұнай бағаларының өсуін, әлемдік өнеркәсіптегі, бірінші кезекте металлургия саласының конъюнктурасына әсерін тигізетін Қытай өнеркәсібіндегі жағдайды және Қашаған кен орнын пайдалану перспективаларын атап өтуге болады.

**Қазақстан экономикасының өсім болжамы**

Болжам авторлары	2014 ж.	2015 ж.
Халықаралық валюта қоры (2013 жылғы қазан)	5,0%	5,2%
Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (2014 жылғы наурыз)	6,0%	6,0%
Бүкіләлемдік банк (2014 жылғы қаңтар)	5,5%	5,7%
Еуразиялық даму банкі (2014 жылғы қаңтар)	5,3%	5,6%

Ақпарат көзі: ҚР ҰБ



## Энергетикалық салаға шолу

Электр энергетикасы Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің бүкіл көлемінің 7%-дан астам үлесін қамтамасыз етеді, Қазақстандағы бүкіл электр энергиясының 84%-ын жылу электр станциялары өндіреді


## ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ

### Генерация

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді меншік нысаны әр түрлі келетін 72 электр станциясы жүзеге асырады. 2013 жылдың соңындағы жағдай бойынша, Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген генерациялау қуаты 20 591,5 МВт-ты құрады.

2013 жылы республикада электр энергиясын шығарудың жиынтық көлемі 91,9 млрд кВт-сағ. шамасына жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,9%-ға жоғары. Бұл кезде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында енгізілетін, энергияны үнемдеуші технологияларды енгізу арқасында электр энергиясын тұтыну көлемі 2%-ға төмендеді.

1993–2013 жылдары өндірілген энергия көлемінің орташа өсімі — 3,8%




Электр энергиясының басым бөлігін Павлодар отын-энергетикалық кешені, сондай-ақ республиканың өнеркәсіптік тұрғыдан ең дамыған аймақтары болып табылатын Қарағанды және Шығыс Қазақстан облысының генерациялаушы кәсіпорындары шығарады.

Қазақстанның солтүстік аймақтарында электр энергиясын шығару көлемі үнемі тұтыну деңгейінен жоғары болады, ал оңтүстік аймақтарда кері жағдай қалыптасып отыр. Батыс Қазақстанда шығарылатын электр энергиясының көлемі аймақтың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырады.


### ҚР сату көлемі бойынша 3 ірі энергия компаниясы

млрд теңге



**Павлодарлық ОЭК елдің энергетика саласында жетекші орында**

2013 жылы Қазақстандағы электр энергиясы өндірісінің аймақтық құрылымы



Шығарылған электр энергиясының артық көлемі ішкі нарықта ұсынылады және Ресей Федерациясына немесе Орталық Азия мемлекеттеріне экспортқа беріледі.

2013 жылы электр энергиясын Қазақстаннан Ресейге экспорттау көлемі екі есе өсті – 2012 жылы экспорт көлемі 1,98 млрд кВт.сағ. болса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 3,75 млрд кВт.сағ. көлеміне дейін жетті. Керісінше Қазақстанға импорттау көлемі 2,55 млрд кВт.сағ.-тан 1,6 млрд кВт.сағ.-қа дейін қысқарды. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғанда экспорт көлемі ұлғаяды деп күтілуде. Электр энергиясын Қазақстаннан Беларуське экспорттау мүмкіндігі көзделіп отыр.

**Электр энергиясын беру және тарату**


Қазақстан Республикасының бірыңғай электр-энергетикалық жүйесі (БЭЖ) еуро-азиялық құрылыстың 500–1 150 кВ-тық көліктік магистральдық электр желісінің орталығында орналасқан, оның бағыттары төмендегідей:

- Ресейдің ЭЭЖ Еуропалық бөлігі;
- Ресейдің ЭЭЖ-нің Азиялық бөлігі (Сібірдің біріктірілген энергетикалық жүйесі);
- Орталық Азияның біріктірілген энергетикалық жүйесі.

Қазақстан Республикасының электр желілері шағын станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын, кернеуі 0,4–1 150 кВ, электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған электр энергиясын беру желілерінің жиынтығы болып табылады.

**Қуат тапшылығы жаңа энергия көздерін енгізу есебінен қысқартылады**

Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) қуаты (ГВт) және қуат тапшылығының деңгейі (ең жоғары тұтыну деңгейінің пайыздарымен берілген)



Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) БЭЖ-де жүйенің негізін құрайтын желінің ролін атқарады, ол ел аймақтарының және шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелерінің арасындағы электрлік байланыстарды, сондай-ақ электр станцияларының электр энергиясын беруін және энергияның көтерме тұтынушыларға жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын беру желілерінен, орталықтандырылған тарату орталығынан, сондай-ақ кернеуі 35 кВ-тан 1 150 кВ-қа дейін болатын трансформаторлық шағын станциялардан тұратын, елдің барлық аймақтарын қамтитын ұлттық электр желісі «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компанияның» (KEGOC) бақылауында. KEGOC кернеуі 110–500 кВ-ты құрайтын аймақ аралық және мемлекет аралық желілер бойынша электр энергиясын беру функцияларын, сондай-ақ электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңдестіруді ұйымдастыру, электроэнергетикалық жүйесін жедел-диспетчерлік түрде басқару функцияларын атқарады.

Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтардың ішіндегі байланыстарды қамтамасыз етеді, сондай-ақ бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді. Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтық электр желілік компаниялардың (АЭК) теңгерімінде және пайдалануында. Жиырма АЭК кернеуі 0,4–220 кВ-ты құрайтын желілер бойынша аймақтық деңгейде электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асырады.

Энергия беретін ұйымдар шарттардың негізінде меншікті немесе пайдаланылатын электр желілері арқылы көтерме және бөлшек нарықтың тұтынушыларына және энергиямен қамсыздандырушы ұйымдарға электр энергиясын беруді жүзеге асырады.

Энергиямен қамсыздандырушы ұйымдар электр энергиясын көтерме нарықтан сатып алады, одан әрі орталықтандырылған сауда-саттықта оларды бөлшек тұтынушыларға сатады.

### Тарифтің қалыптасуы

Қазақстанда электр энергиясын өндіру, беру және өткізу тарифтерін мемлекет реттейді.

ҚР Үкіметі 2012–2015 жылдары электр энергиясын өндірудің шекті тарифтерін бекітті (ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 қаулысы).

Электр энергиясын беру қызметтерінің тарифтерін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (ТМРА) реттейді. 2013 жылға дейін электр энергиясын беру тарифі компанияның энергияны беруге және таратуға жұмсаған сметалық шығындарына сәйкес белгіленіп келген еді.

ТМРА Төрағасының 2012 жылғы 27 маусымдағы №152-ОД бұйрығына сәйкес 2013 жылдан бастап электр энергиясын беру тарифтерін қалыптастыруды салыстырмалы түрде талдау әдістемесі бекітілді. Бұл әдіс: жеке АЭК-ның тиімділік параметрлерін басқа АЭК-ның көрсеткіштерімен салыстыруды, әр АЭК үшін нәтижелілікті арттыру міндеттерін белгілеуді, АЭК-ның тарифінде амортизациялық аударымдар мен пайданы қамтитын инвестициялық құрамдас бөлшекті есепке алуды көздейді. Салыстырмалы талдау күнтізбелік жылдағы өндірістік және қаржылық көрсеткіштер жөніндегі ақпараттың негізінде жыл сайын жүргізіледі, бұл ақпаратты АЭК бір жыл бұрын берілген ақпаратпен салыстыра отырып береді.

Тарифте жабдықтардың физикалық тозуын төмендетуге бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық құрамдас бөлшектің міндеттілігі бүгінгі реттеу жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады.

### Электр энергиясын өткізу

Электр энергиясының нарығы көтерме және бөлшек нарық деген екі деңгейден тұрады.

Қосылған қуаты 1 МВт-тан кем болатын, электр энергиясын пайдаланатын барлық тұтынушылар және оларға бәсекелестік жағдайларында электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын энергиямен қамсыздандырушы ұйымдар бөлшек нарықтың қатысушылары болып табылады.

Орталықтандырылған нарықта электр энергиясын өткізу «ЭҚНҚО» (Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы) АҚ жүйелік (биржалық) операторы арқылы жүзеге асырылады. Электр энергиясы нарықта «бір тәулік бұрын», «бір ай бұрын» жеткізу жөніндегі шарттар түрінде сатылады.

Электр-энергиясын сатуға арналып өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелері бойынша 2013 жылдың 9 айы ішінде жалпы сомасы 26 767,7 мың теңгені құрайтын, көлемі 4 335,5 мың кВт·сағ. шамасын құрайтын 3 433 мәміле жасалды.

Орталықтандырылмаған нарықтағы сатушылар мен сатып алушылар өзара тікелей екі жақты сатып алу-сату шарттарын жасасады.

Электр энергиясының түпкілікті тарифінің шамасы компанияның қызмет ететін аймағына байланысты құбылады. Электр энергиясының құны аймақта электр энергиясының ішкі көздерінің бар-жоғына, сыртқы көздерден қашықтығына және өндірістің өзіндік құнына тәуелді.

«Электр энергетикасы туралы» заңға сәйкес, 2008 жылы электр энергиясының теңдестіруші нарығы (ЭТН) теңдестіруші нарықта сатылып алынған және сатылған электр энергиясы үшін өзара есеп айырысу шарасынсыз еліктемелік режимде қызмет ете бастады. Еліктемелік модельді енгізу мақсаты – ЭТН субъектілерінің өзара әрекет ету механизмін қалыптастыру, Қазақстанның БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтыну үйлесімсіздігінің нақты шамаларын айқындау, реттеуші қуаттарға деген қажеттіктерді нақтылау, теңдестіруші энергия бағаларының ауқымын айқындау.

2010 жылдан бастап электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) сияқты бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып еліктемелік режимде электр энергиясының теңдестіруші нарығының жұмысын кешенді түрде тестілеу басталды. Бүгінгі таңда ЭКЕАЖ «ОАЭК» АҚ-ның кәсіпорындарында сәтті түрде енгізіліп келеді.

2016 жылы теңдестірілетін электр энергиясының нарығын еліктемелік модельден шынайы модельге ауыстыру жоспарланып отыр.

## ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАСЫ



Республикада жылу энергетикасын 38 ЖЭО-нан тұратын орталықтандырылған жылумен қамсыздандырудың 42 ірі жүйесі шығарады, жылу энергиясының қалған көлемі тұтынушыларға 30 аудандық қазандықтан келеді. 2013 жылы жылу энергиясының өндірісі 4,8%-ға қысқарып, 98,4 млн. Гкал.-ды құрады.

Республиканың жылумен орталықтандырылған түрде қамсыздандыру жүйесі элементтерінің кешені жылыту электр станцияларын, сондай-ақ тұтынушыларға жылу жеткізу жүйелерін (магистральдық және тарату жылу желілерін) және тұтынушылардың жылу алу жүйелерін (элеваторлық тораптарды, жылу пункттерін, үй ішілік ажыратуды) қамтиды.

Ұзақтығы 12,2 мың шақырымды құрайтын жылу желілері тозуының жоғары деңгейі елдің жылумен қамсыздандыру саласының негізгі мәселесі болып табылады, бүкіл елдегі жылу желілерінің орташа тозу деңгейі 63%-ды құрайды, соның ішінде олардың 40%-ының немесе 9,6 мың шақырымының тозу деңгейі жүз пайызды құрайды. Жабдықтарды жетілдіруге бағытталған ауқымды қаржылық дотациялар бөлінген жағдайда ғана саланың одан әрі тұрақты түрде жұмыс істеуі мүмкін болады.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында жылу желілерін жаңарту ауқымды науқан сипатында болмаған еді. Қазақстанның Аймақтық даму министрлігі 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған жылу желілерін жаңарту жоспарын әзірледі, оған сай жылу желілерін жаңарту үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының республикалық бюджеттен 120 миллиард теңге бөлуі және жергілікті бюджеттерден 12 миллиард теңге бөлуі көзделіп отыр. Жоспарда 400 мың Гкал-дан астам жылу энергиясын тасымалдауды жүзеге асыратын желілерді, атап айтқанда Астана, Алматы қалаларында және облыс орталықтарында қызметтер көрсететін, елдің экономикасына мультипликативті түрде ықпал ететін 17 субъектідегі желілерді қалпына келтіру көзделген.

Қазақстанда жылу энергиясының тарифтерін реттеуші қадағалайды және осындай тарифтер 2012 жылдан бастап тұтынушының энергияны есепке алу құралдарының бар-жоғына байланысты дифференциациялау принципі бойынша есептеледі.

Жылу энергиясының тарифі жылу энергиясын өндіру тарифі, жылу энергиясын беру тарифі және жылу энергиясымен қамсыздандыру тарифі сияқты үш құрамдас бөлшектен тұрады. Нарыққа табиғи монополияның жаңа субъектісі келген жағдайларды қоспағанда, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы 14-бабының 14-тармағына сай тарифтердің қолданылу мерзімі кем дегенде он екі айға белгіленеді.

## НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2013 жыл Қазақстанның электр энергетикасының генерациялайтын қуаттарын жаңарту жөніндегі «Инвестицияларды алмастырған тариф» мемлекеттік бағдарламасы үшін шешуші жыл болды. 2009 жылдан бастап 2013 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде (бұл кезеңде электр энергиясын өндірудің шекті тарифтері қолданылды) 1 700 МВт-тан астам қуат енгізілді. Жалпы шекті тарифтер қолданылатын бүкіл кезеңде (2009 жылдан бастап 2015 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде) жаңа электр қуатының 3 000 МВт-ын енгізу жоспарланып отыр.

2013 жылы электр станцияларының жабдықтарын жаңартуға және қуатын ұлғайтуға бағытталған келесі жұмыстар жүргізілді:

- Ақсу МАЭС-ның №6 энергия блогы жаңартылып, қуаты 300 МВт-тан 325 МВт-қа дейін ұлғайтылды;
- Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ) №4 турбоагрегаты жаңартылып, қуаты 30 МВт-тан 60 МВт-қа дейін ұлғайтылды;
- Өскемендік ЖЭО кәсіпорнының («АЕС Өскемен ЖЭО» ЖШС) №11 турбоагрегаты жаңартылып, қуаты 100 МВт-тан 120 МВт-қа дейін ұлғайтылды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің (ИЖТМ) деректері бойынша генерациялайтын көздердің инвестициялық бағдарламаларының жалпы құны 2015 жылға дейін 988,4 млрд теңгені құрайды. Барлық энергия көздеріндегі жабдықтардың тозу деңгейі шамамен алғанда 70%-дан (2009 жылы) 58,8%-ға (2013 жылдың соңындағы жағдай бойынша) төмендеді.

2013 жылы 2010–2014 жылдарға арналған Жылдамдатылған индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға қосылған электр энергетикасы жөніндегі 14 жобаның сегізін іске асыру аяқталды.

2013 жылы саланы және оның жеке сегменттерін дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысты, сол сияқты отандық энергетиканың қазіргі кезде қолданылып жүрген элементтерін реттеуді арттыруға қатысты 20-дан астам нормативтік-құқықтық акт қабылданды.

2013 жылдың шілде айында ҚР Үкіметі «Энергияның жаңартылатын көздерін пайдалануды қолдау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады, оған сай баламалы энергетика нысандары электр энергиясы нарығының толық-қанды қатысушылары болып табылады. Бұл заңның негізінде энергияның жаңартылатын көздеріне арналған тарифтерді есептеу жүйесі бекітіледі.

2013 жылдың тамыз айында ҚР Үкіметі «Энергия үнемдеу – 2020» мемлекеттік бағдарламасын бекітті, бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ЖІӨ-нің энергия жұмсалудың деңгейін төмендетуге жағдай жасау және энергия тиімділігін арттыру. Бағдарламаның аясында отандық кәсіпорынды жаңарту және оның энергия тиімділігін арттыру, электр және жылу желілеріндегі шығындардың деңгейін қысқарту және халыққа энергияны үнемдеуді үгіттеу жоспарланып отыр.

2013 жылы ҚР Үкіметі 2016 жылдан бастап электр қуаты нарығын (ЭҚН) енгізуге қажетті құқықтық базаны қамтамасыз ететін бірқатар қаулы шығарды:

- жаңадан пайдалануға енгізілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының дайындығын қолдауға бағытталған қызметті сатып алу жөніндегі типтік шарт бекітілді;
- ЭҚН-ын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу ережелері айқындалды.

## САЛА ДАМУЫНА БОЛЖАМДАР

Қазақстанда экономиканың негізгі секторларын болашақты көздеп инфрақұрылымдық тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Республикада Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Электр энергетикасы экономиканың негізгі салаларының бірі болып табылады, бұл сала мемлекеттің саяси және әлеуметтік салаларында маңызды роль атқарады.

Экономиканы диверсификациялау энергетикалық секторға елеулі кері әсерін тигізеді. Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін электр энергиясын өндіру деңгейін арттыру қажет болады. Осыған орай генерациялайтын және тарататын қуаттардың ескілерін кеңейтуге әрі қалпына келтіруге және жаңаларын салуға бағытталған жұмыстар жүргізілетін болады.

2013 жылдың тамыз айында ҚР Үкіметі «Энергия үнемдеу – 2020» мемлекеттік бағдарламасын бекітті, бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ЖІӨ-нің энергия жұмсалудың деңгейін төмендетуге жағдай жасау және энергия тиімділігін арттыру. Бағдарламаның аясында отандық кәсіпорынды жаңарту және оның энергия тиімділігін арттыру, электр және жылу желілеріндегі шығындардың деңгейін қысқарту және халыққа энергияны үнемдеуді үгіттеу жоспарланып отыр.

Энергетикалық секторды дамыту аясында Қазақстан атмосфераға шығарылатын зиянды газдарды қысқарту жаһандық мақсатына қол жеткізуге септігін тигізетін болады. Атомдық энергетиканы дамыту арзан, экологиялық таза энергияны алу тәсілдерінің бірі болып табылады.

Атомдық энергетикалық кешендер жанармай және минералды ресурстарды оңтайлы және теңдестірілген түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Экологиялық мәселелерді шешу қажеттігі энергияның жаңартылатын көздерін пайдалануға итермелейді, бүгінгі таңда Қазақстанда энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі олардың үлесі 1%-дан аз көлемде.

2020 жылға дейін стратегиялық даму жөніндегі 2010 жылғы 1 ақпанда бекітілген ҚР жоспарына сай энергетика саласындағы стратегиялық мақсаттар төменде аталғандарды қамтиды:

- пайдаланылып келе жатқан генерациялайтын қуаттарды және энергия тарату желілерін қалпына келтіру және жаңарту;
- 2015 жылға дейін энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі жалпы энергия тұтыну көлемінің 1,5%-нан астам үлесті құрауы тиіс;
- 2020 жылға дейін экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын меншікті көздерден энергия шығару көлемі 100%-ды құрауға тиіс;
- Энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі жалпы энергия тұтыну көлемінің 3%-нан астам үлесті құрауы тиіс;
- атомдық электр станциясын және Балқаш ЖЭС-ын салу және пайдалануға енгізу;
- ядролық отын циклі бар, вертикалды интеграцияланған компания құру.





## Қызмет нәтижелеріне шолу

### ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

2013 жылы «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ құрамына енетін кәсіпорындар 6 137,4 млн кВт-сағ. электр энергиясын өндірді. Электр стансасы шиналарынан босату 5 253,5 млн кВт-сағ., ал жылу энергиясын шығару 6 131,6 мың Гкал құрады. 2012 жылмен салыстырғанда электр энергиясы өндірісі көлемінің өсуі 10,1%-ды құрады, электр энергиясын шиналардан пайдалы шығару 12,3%-ға өсті.

2009–2018 жылдарға қабылданған, жалпы бюджеті 1 млрд. АҚШ долларынан асатын «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның өндірістік қорларын қайта құру, жаңарту және жаңғырту ауқымды инвестициялық бағдарламалары аясында жобаларды табысты жүзеге асырудың арқасында 2013 жылы өндірістік көрсеткіштерді ұлғайту және өндіріс көлемін арттыру мүмкін болды. 2013 жылы инвестициялардың жалпы көлемі 24,6 млрд теңгені құрады.

Аталмыш бағдарлама аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2013 жылдың желтоқсанында Петропавл 2-ЖЭО қуаты 63 МВт болатын №4 жаңа турбо агрегатын пайдалануға берді. Нәтижесінде электр энергиясын жылына 388,8 млн кВт-сағ. көлемінде қосымша өндіру қамтамасыз етілді. Жалпы инвестиция көлемі 6,1 млрд астам теңгені құрады. Аталмыш жобаның жүзеге асуы тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігі мен сапасын арттыруға, жіберілетін энергия бірлігіне келетін отынның меншікті шығындарын, қоршаған ортаға бөлінетін зиянды зат қалдықтарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, 2013 жылы Петропавл 2-ЖЭО жаңа №2 күл үйіндісінің құрылысы бойынша жоба аяқталды, ол алдағы 20 жылда қоршаған ортаға зиян келтірмей, күл-қож қалдықтарын үздіксіз беруді және жинауды қамтамасыз етеді. Инвестицияның жалпы көлемі 3,3 млрд астам теңгені құрады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2013 жылы Павлодар 2-ЖЭО, 3-ЖЭО және Екібастұз ЖЭО барлық қазандық агрегаттарындағы күл ұстағыштарды қайта құру жобасын орындау толығымен аяқталды. Осының арқасында түтін газдарын күлден тазарту деңгейі 97%-дан 99,5%-ға дейін артты және 2008 жылмен салыстырғанда бір жылда күлдің бөлінуі 5 есеге азайды (қайта құру басталған жыл). Павлодар 3-ЖЭО қуаттылығы 75 МВт болатын №2 турбо агрегатын монтаждау бойынша жұмыстар басталды.

2013 жылы «ОАЭК» АҚ-ның экологияны қорғау саласындағы еңбегі мемлекеттік деңгейде аталды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша «Парыз-2013» сыйлығының алтын лауреаты атанды. Бұл өндірістің зиянды қалдықтарын төмендету және қалдықтарды кәдеге жарату бойынша компанияның жүргізген жұмыстарының, сондай-ақ, жер ресурстарын қорғау және аумақты көгалдандыру бойынша іс-шаралардың заңды нәтижесі.

2013 жылдың 22 мамырында жалпы сомасы 138 млн. АҚШ доллары болатын Еуропа қайта құру және даму банкімен жасалған Қарыз шартына қол қою Компания үшін басты оқиға болды. Бұл қаражаттың көп бөлігі — 80 млн долларды «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ турбиналарын ауыстыру және қайта құру бойынша жұмыстарға инвестициялау жоспарлануда, 40 млн. АҚШ доллары «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО жабдықтарын жаңарту және қайта құруға жұмсалады, 18 млн. АҚШ доллары «Солтүстік Қазақстан Электр желісін тарату компаниясы» АҚ мен «Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ сияқты электр желісін тарату компанияларын жаңартуға жұмсалады.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ




### Негізгі өндірістік көрсеткіштер

Атауы	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Белгіленген электр қуаты, МВт	909	974	1 061
Электр энергиясын өндіру, млн кВт-сағ.	5 665	5 572	6 137*
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт-сағ.	3 095	3 434	3 456
Электр энергиясын тауарлы басату, млн кВт-сағ.	6 378	6 547	6 506
Электр энергиясын өндірудегі Қазақстанның үлесі, %	6,6	6,2	6,7
Белгіленген жылу қуаты, Гкал	2 691	2 881	2 895
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	6 119	6 454	6 132**
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	4 413	4 435	4 408
Жылу энергиясын тауарлы басату, мың Гкал	9 336	9 837	9 567

\* 2013 жылы электр энергиясын өндірудің артуы Петропавл 2-ЖЭО №4 турбо агрегатты пайдалануға берумен байланысты.

\*\* Жылу энергиясын өндірудің төмендеуінің негізгі себебі – тікелей және Павлодар 2-ЖЭО №1 турбо агрегатты тұтынушылардың белгіленген көлемдегі жылу энергиясын толығымен алмауы боп табылады.

### 2013 жылғы электр және жылу энергиясына белгіленген орташа тарифтер (ҚҚС қоса есептегенде)



### Негізгі өндірістік сипаттамалар

#### Электрді беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ түрлері	«ПЭТК» АҚ	«СҚ ЭТК» АҚ	Барлығы
220 кВ	14,3	84,7	99,1
110 кВ	2 595,7	1 327,1	3 922,9
35 кВ	2 357,4	2 853,1	5 210,3
6–10 кВ	6 142,7	4 616,2	10 759,1
0,4 кВ	6 472,2	4 685,1	9 357,2
Барлығы	15 782,4	13 566,4	29 348,8

#### Шағын станциялардың саны

Шағын станция түрлері	«ПЭТК» АҚ	«СҚ ЭТК» АҚ	Барлығы
220 кВ	4	4	8
110 кВ	73	38	111
35 кВ	102	121	223
6–10 кВ	3 662	2 320	5 982
Барлығы	3 841	2 483	6 324

#### Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Павлодар жылу желілері» ЖШС	755,80
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	231,53
Барлығы	987,33

#### Тұтынушылардың саны

Өңір	Электр энергиясы	Жылу энергиясы
Павлодар облысы	218 823	162 382
Солтүстік Қазақстан облысы	160 539	69 376
Астана қ.	211 006	182 084
Барлығы	590 380	413 842

## ДАМУ БОЛАШАҒЫ

### 2014 жылға жоспар

Корпорация 2014 жылы жалпы көлемі 26,8 млрд теңге болатын инвестициялық бағдарлама шараларын орындауды мақсат етіп отыр. Электр энергиясын өндіруді 4,3%-ға және жылу энергиясын өндіруді 11,2%-ға ұлғайту ағымдағы жылдың жоспарында бар.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша №2 жаңа турбо агрегаты бойынша жұмыс жасауды жалғастыру, қуаты 120 МВт болатын 3-ЖЭО №5 турбо агрегатын толыққанды қайта құрылымдау жоспарлануда. Павлодар 3-ЖЭО және 2-ЖЭО екінші кезектегі күл үйінділерінің құрылысы жалғасады, Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің құрылысы мен Павлодар 3-ЖЭО №5 градирняның құрылысы басталады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша 2014 жылы №8 жаңа қазандық агрегатын іске қосу жоспарлануда, бұл бумен өндіруді сағатына 270 тоннаға дейін ұлғайтуға, станса жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### 3 жылдық жоспар


Алдағы 3 жылда Компания Инвестициялық бағдарламаны әрі қарай жүзеге асырумен қатар, ISO 50001 стандартына сәйкес энергияны үнемдеу саясатын жүргізуді жалғастырады.

«ОАЭК» АҚ Павлодар 3-ЖЭО пен Петропавл 2-ЖЭО активтерін толығымен жаңартуды аяқтауды, VENTYX Ellipse ақпараттық жүйесінің негізіндегі Компанияның өндірістік қызметін автоматтандыруды жүргізуді жоспарлап отыр, бұл жөндеуге кететін шығындарды (20–25%-ға дейін азайту) оңтайландыруға, сондай-ақ, материалдық-өндірістік қорлардың айналымдылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Жөндеу жұмыстарын жоспарлауды кешенді түрде автоматтау жабдықтың жұмыс істеу сенімділігін арттыруға, ақшалай қаражатты ұтымды пайдалануға, қызметкерлерді есептеу және материалдар мен жабдықтарды уақытында жеткізу есебінен жөндеу жүргізу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, ал бұл жалпы кәсіпорын қызметіне оң әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда Корпорация кәсіпорындарында энергияны коммерциялық есептеу жүйесі автоматты режимге көшу үстінде. «ОАЭК» АҚ 3 жылдың ішінде ЭКЕАЖ (Электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі) бен ЖКЕАЖ (Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі) енгізуді аяқтауды жоспарлап отыр. Энергия ресурстарын есептеудің автоматтандырылған жүйелері мәліметтерді қолмен алу және көрсетілімдерді алу синхрондылығы кезінде жіберілетін қатені азайту есебінен есептеу дәлдігін арттыруға, нысандар бойынша баланстарды бақылау есебінен шығындарды азайтып, энергияны ұрлауды төмендетуге, энергияны тұтынуды талдау арқылы өндірістік процестерді жетілдіруге, кәсіпорынның экономикалық бөлімшелерінің энергияны тұтыну туралы шұғыл әрі сенімді ақпаратты электронды түрде алу есебінен ақпаратты өңдеуге кететін шығынды қысқартуға мүмкіндік береді.

Өндірістің ішкі тиімділігі мен үйлесімдігін арттыру бойынша іс-шараларды өткізу негізінде Компания бизнес диверсификациясы және өңірлердің Қазақстан нарықтарына қатысуын кеңейту бойынша жобаларын дамытуды жоспарлауда.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА



«ОАЭК» АҚ-ның стратегиялық дамуындағы негізгі аспектілердің бірі — негізгі қорларды жаңарту арқылы өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады. Компания негізгі қаражатты жаңарту және қайта құрудың ауқымды Инвестициялық бағдарламасын жүзеге асырады, ондағы мақсат — өндіретін активтердің қуатын арттыру және олардың жұмыс істеуінің сенімділігін, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуін арттыру, сондай-ақ, өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту болып табылады. **«ОАЭК» АҚ аталмыш салада капитал салымдарының көлемі бойынша 3-орынға ие, инвестициялардың жоспарланған көлемі 192 млрд теңгені құрайды.**

Бағдарлама 2009–2018 жылдарға есептелген. Ол аяқталғаннан кейін өндіруші стансалардағы жабдықтардың тозуы 80-нен 39%-ға дейін төмендейді, толығымен жаңартылған өндірістік активтердің үлесі 63%-ды құрайды, белгіленген қуат 25%-ға ұлғаяды, зиян қалдықтардың мөлшері 30%-ға төмендейді, Корпорация нормативтен тыс шығындардан толық құтылады.

Инвестициялық бағдарлама аясында мынадай 3 бағыт бойынша шараларды жүзеге асыру болжанған:

- өндірісті ұлғайту;
- энергияны үнемдеу, оған беру кезіндегі электр және жылу энергияларының шығынын төмендету;
- өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.

Инвестициялық шараларды жүзеге асыру кезеңінде 2013 жылдың 31 желтоқсанында «ОАЭК» АҚ нысандарында мынадай жұмыстар атқарылды.

### Өндірісті ұлғайту

Павлодар 3-ЖЭО жаңа №1 қазандық агрегаты мен №1 турбо агрегаты құрастырылды. №1 турбо агрегаты пайдалануға беру стансадағы белгіленген қуатты 65 МВт-қа, яғни 440-тан 505 МВт-қа дейін ұлғайтты. Оны Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесімен (ЖКЕАЖ) жабдықтау үнемді әрі қауіпсіз жұмыс істеу режимін енгізуге, бу мен жылытудың белгіленген параметрлерін автоматты режимде ұстауға, жабдықтың температуралық режимін сақтауға және белгіленген жүктемені тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік берді.

2012 жылы Павлодар 2-ЖЭО № 2 жаңа градирня пайдалануға берілді, бұл электр энергиясын конденсациялық режимде өндіру бойынша шектеуді алып тастауға мүмкіндік берді. 2009 жылдың мамыр айында Екібастұз ЖЭО белгіленген электр қуаты 12 МВт болатын, электр энергиясын жылыту үшін тұтынуға арналған № 1 турбина пайдалануға берілді, бұл өндірілген электр энергиясын стансаның жеке қажеттіліктеріне жаратуға мүмкіндік берді.

2013 жылы Павлодар 2-ЖЭО, 3-ЖЭО және Екібастұз ЖЭО 3 қазандық агрегат іске қосылып, сенімділік пен өнімділікті арттырды.

Петропавлдағы 2-ЖЭО № 6 және №7 қазандық агрегаттарын толық жаңарту жүзеге асырылды. 2013 жылы мұнда турбинаның қуаты 2 есе ұлғайтылған, №4 турбо генераторды қайта құру және жаңарту бойынша жоба аяқталды. Жаңа жабдықты орнату стансаның электр энергиясын жіберуін 63 МВт-қа, жылу энергиясын 96 Гкал-ға арттыруға мүмкіндік берді. Енді электр энергиясын қосымша өндіру бір жыл ішінде 388,8 млн кВт-сағ. жетпек, жылына 63, 7 мың тонна көмір отыны үнемделеді, ал белгіленген электр қуатын пайдалану коэффициенті 81,45%-ға дейін артады.

«ОАЭК» АҚ стансасының өндірісін ұлғайту бойынша Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру аясында «Орал турбина зауыты» ЖАҚ пен «ЭЛСИБ» ҒӨБ арасында Павлодардағы 3-ЖЭО үшін генераторы бар №2 жаңа турбина, сондай-ақ, Петропавлдағы 2-ЖЭО үшін №1, №5 турбо генераторлары мен №5 турбина генераторын дайындау туралы келісімшартқа қол қойылды.

### Электр және жылу энергиясы шығындарын азайту

Тасымалдау кезінде электр энергиясы шығындарын азайту, тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру мақсатында электр желілерін қайта құру жұмыстары жүргізіледі.

Инвестициялық бағдарлама аясында «ОАЭК» АҚ-ның электр желілерін тарату компанияларында 10–0,4 кВ 100,33 км кабельдік желілерін және 10–0,4 кВ 280,52 км астам әуе желілерін қайта құру жүргізілді. Электр энергиясын ұрлауды және апаттық жағдайларды азайту үшін 2004–2013 жылдар аралығында ұзындығы 314,07 км болатын жалаң сымды жеке оқшауланған сымға (ЖОС) ауыстыру жүргізілді. 2013 жылдың аяғына қарай 110 шағын стансадағы жабдықтарды қайта құру бойынша жұмыстар орындалды, электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) енгізілді. Энергияны үнемдеу бағдарламасы аясында тұтынушылардың индукциялық есептегіштерін электронды түрге ауыстыру жүзеге асырылуда. 2004 жылдан бастап 47 748 есептегіш ауыстырылды. Егер 2005 жылы «ПЭТК» АҚ нормативтен тыс шығыны 3,6% құраса, 2013 жылы бұл 0,3%-ға дейін төмендеген, «СҚ ЭТК» АҚ-нда нормативтен тыс шығын 2010 жылы толығымен жойылған. Сонымен қатар, инвестициялық шараларды жүзеге асыру «ПЭТК» АҚ шығынын 0,3%-ға, «СҚ ЭТК» АҚ шығынын 1,2%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жылу энергиясының шығынын төмендету бойынша негізгі шаралар Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларындағы орталықтандырылған жылумен қамту желілерін қалпына келтіру және жетілдіруге бағытталған, мұндағы мақсат жылумен қамту сенімділігін, энергияны пайдалану тиімділігін арттыру, шығындарды төмендету және экологиялық стандарттарды жақсарту (желілерге беру кезінде жылу шығынының төмендеуіне байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен СО<sub>2</sub> қалдықтарының төмендеуі) болып табылады. Аталмыш бағыт бойынша инвестициялық шараларды қаржыландыру Таза технологиялар қорымен бірлесіп, ЕҚДБ берген кредит есебінен жүзеге асырылуда.

Жылу энергиясын тасымалдау кезінде шығынды төмендету бойынша бағдарлама аясындағы негізгі шаралар үш бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі – Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларындағы жылумен жабдықтау сенімділігін арттыру. Екінші бағыт – нормативті және нормативтен тыс шығындарды азайту (пенополиуретан жабындысы бар құбырларды пайдалану арқылы). Үшінші бағыт – «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу (ЖКЕАЖ).

Бұл бағыттар бойынша жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп келеді. Осылайша, бірінші және екінші бағыттарға ескірген жылу желілерін қайта құру, ППУ құбырларын пайдалану арқылы жаңа жылу магистральдерінің құрылысы бойынша жұмыстар кіреді. 2011–2013 жылдары Павлодарда құбыр

диаметрі үлкейтілген, ұзындығы 3 917 метр болатын құбыр өткізгіші ауыстырылып, жаңадан салынды. Петропавлда ұзындығы 1 500 метр болатын құбыр өткізгіші қайта құрылды, ұзындығы 5 840 метр болатын құбырлардың оқшаулаушы жаңартылды. Ескірген электр жабдықтарын жаңа түрлеріне ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

ЕҚДБ қарызының аясында 2011–2013 жылдары «ОАЭК» АҚ-ның жылу беретін кәсіпорындары жылу желілерін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізді: Павлодарда 14 446 метр құбыр өткізгіші (бір құбырдағы), Петропавлда – 7 320 метр (бір құбырдағы) құбыр өткізгіші ауыстырылды. Павлодарда ұзындығы 5 744 метр болатын, Петропавлда 6 140 метр болатын құбыр өткізгішінің оқшаулаушы ауыстырылды.

Жаңа жылу магистральдерін салу нәтижесінде жылу энергиясын тасымалдау бойынша өндірістік қуаттылықтар кеңеюде. «Павлодар жылу желілері» ЖШС 2013 жылы 3-ЖЭО № 3 сорғы стансасының құрылысын аяқтады. Павлодар қаласындағы №2 сорғы стансасын қайта құру, қосымша екі сорғы агрегатын орнату да Инвестициялық бағдарламаға енген.

Компанияның жылу беретін кәсіпорындарында жылу шығынын автоматты реттегіш, өнеркәсіптік бақылаушылар және диспетчерлік қызметі бар тетіктер мен бақылау-өлшеу аспаптарын байланыстыруға арналған модемдер орнатылып жатыр. Жылу пункттерінің барлық жабдықтары бірыңғай желіге енеді, бұл гидравликалық және температуралық режимді шұғыл бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апатты жағдайларда тезірек шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Компания жылу энергия шығынының көздерін анықтау үшін озық технологияларды: магистральді жылу өткізгіштерін бақылауға және тексеруге арналған жылытуды тексеру аспаптары, ультрадыбыстық дефектоскоптар пайдаланады.

Жоғарыда көрсетілген шаралардың бәрін жүзеге асыру 2016 жылдың соңына қарай желілердегі жалпы жылу шығынын 8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Шығынды төмендету жылына шамамен 225 мың тонна көмірді үнемдеуге әкеледі.

### Өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту

Инвестициялық бағдарлама аясында экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында Корпорация стансаларының барлық қазандықтарында екінші деңгейлі батареялық эмульгаторлар орнатылған күл ұстайтын құрылғыларды (КҰҚ) қайта құруды жүзеге асырды, бұл күл қалдығының атмосфераға шығуын 6 есе азайтуға мүмкіндік берді.

2008 жылдың соңында – инвестициялық бағдарлама іске қосылған жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарының атмосфераны ластайтын қалдық заттарының мөлшері 108,5 мың тонна деп белгіленген, 2013 жылдың нәтижелері бойынша бұл көрсеткіш 80 мың тоннаны құрады. Компания зиянды қалдықтарды 25%-ға қысқартты, ал осы кезеңдегі электр энергиясын өндіру көлемі де 25,5%-ға өсті.

2009–2013 жылдары «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Екібастұз ЖЭО стансаларында 22 қазандық агрегатының 13-іне КҰҚ орнатылды. Петропавл 2-ЖЭО екінші деңгей титан эмульгаторлары барлық 11 қазандық агрегатқа орнатылды.

Орындалған шаралар түтін газдарын тазарту деңгейін арттыруға мүмкіндік берді, соның нәтижесінде кәсіпорын шығындары азайды. Барлық қазандық агрегаттарға батареялық эмульгаторларды орнатқаннан кейін шығатын газды тазалау тиімділігі 99,7%-ға артқан.

Стансадағы технологиялық циклдің үздіксіздігін және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қаттауды қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы екі күл үйіндісін қайта құру және жаңа үшеуін салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа күл үйінділерінің құрылысында полисинтетикалық геомембрана тәрізді инновациялық материалды пайдалану зиянды заттардың топыраққа түсуіне 100% жол бермейді.

## ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

### 2013 жылдың қаржы-шаруашылық нәтижелеріне талдау жасау

2013 жылдың нәтижелері бойынша «ОАЭК» АҚ электр және жылу энергияларын, сондай-ақ, жалпы сомасы 83 млрд теңгеге тең оларды тасымалдау және сату бойынша қызметтерді жүзеге асырды, бұл 2012 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 11,5%-ға жоғары.

Бұлайша жоғарылауды:

- электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған Шекті тарифтер бағдарламасына сәйкес тарифтердің көтерілуі арқылы түсіндіруге болады.

### 2011–2013 жылдардағы қаржы-шаруашылық көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Электр және жылу энергияларын сатудан және беруден түскен кірістер	65 159	74 497	83 071
Сатылған электр және жылу энергияларының өзіндік құны	(51 335)	(59 155)	(63 212)
Жиынтық пайда	13 824	15 342	19 859
Жалпы және әкімшілік шығындар	(4 082)	(5 235)	(5 877)
Сату бойынша шығындар	(1 052)	(1 099)	(1 313)
Басқа да кірістер	550	792	469
Операциялық қызметтен түскен пайда	9 240	9 800	13 138
Қаржылай кірістер	1 180	646	643
Амортизация, пайыз және КТС (ЕБИТДА) бойынша есептеулерге дейінгі пайда	13 056	14 453	18 493
Қаржылай шығындар және басқа да шығындар	(2 564)	(2 418)	(2 404)
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 966)	(1 964)	(2 804)
Бір жылғы таза пайда	5 890	6 064	8 573

2013 жылы Компанияның таза пайдасы 8,6 млрд теңгені құрады, 2012 жылмен салыстырған кезде 41,4%-ға өсті. Жалпы соңғы жылдары Компанияның таза пайдасының өсуінде жақсы қарқын байқалады.

### «ОАЭК» АҚ таза пайдасының үлестік құрылымы, %

Компания атауы	Шоғырландырылған таза пайдаға шаққандағы пайыздық қатынас		
	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	56	65	64
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	36	30	33
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	3	5	3

«ОАЭК» АҚ қаржылық есебі шоғырландырылған негізде жасалады және оған Компанияның еншілес кәсіпорындарының нәтижелері де кіреді.

### Сегменттер бойынша ақпарат

Компания мынадай сегменттерді бөліп көрсетеді:

- Электр және жылу энергияларын өндіру.
- Электр және жылу энергияларын беру және тарату.
- Электр және жылу энергияларын сату.
- Химиялық суды сату, қуаттылықты реттеу және басқа қызметтер.

Бір жылдағы табыс сегменттер жұмысын бағалау және ресурстарды таратуға арналған көрсеткіш болып табылады.

### 2013 ж. сегменттер бойынша қаржы-шаруашылық көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын сату	Басқалары	Нәтижесі
Кірістер, барлығы	44 759	10 207	4 778	65 355	469	125 568
Сегментшілік кірістер	(6 452)	(214)	(2)	(35 562)	(267)	(42 497)
Сырттағы сатып алушыларға сатудан түскен кірістер	38 307	9 993	4 776	29 793	202	83 071
Өзіндік құны	(22 558)	(8 036)	(4 981)	(27 624)	(13)	(63 212)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(2 128)	(1 001)	(1 236)	(1 025)	(487)	(5 877)
Сату бойынша шығындар	(21)	–	–	(1 303)	11	(1 313)
Қаржылай кірістер	236	5	5	1	396	643
Қаржылай шығындар	(2 226)	(3)	(23)	(98)	(26)	(2 376)
Бағам айырмашылығынан орын алған залал	(41)	–	2	(1)	12	(28)
Басқа да кірістер	(127)	121	21	456	(2)	469
Табыс салығы бойынша шығындар	(2 439)	(330)	108	(143)	–	(2 804)
Бір жылғы пайда	9 003	749	(1 328)	56	93	8 573
Негізгі мүлік бойынша күрделі шығындар	15 858	2 774	1 640	168	60	20 500
Негізгі мүліктердің тозуы	3 251	864	520	54	27	4 716
ЕБИТДА	16 925	1 948	(888)	360	148	18 493

### Активтер мен міндеттемелер

2013 жылғы 31 желтоқсандағы Компанияның жиынтық активі 160 млрд теңгені құрады, бұл 2012 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 15,7%-ға жоғары.

#### Бухгалтерлік жинақ баланс, млн теңге

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Негізгі мүлік	89 183	100 491	116 195
Гудвил және материалдық емес активтер	2 500	2 519	2 580
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	4 885	7 385	10 632
Қысқа мерзімді активтер	28 177	27 378	28 788
Ақшалай қаражат	1 345	987	2 342
<b>Барлық активтер</b>	<b>126 090</b>	<b>138 760</b>	<b>160 537</b>
Меншіктегі капитал	75 762	80 735	87 371
Ұзақмерзімді қарыздар мен облигациялар	19 977	23 431	33 787
Басқа да ұзақмерзімді міндеттемелер	14 001	16 113	18 452
Қысқамерзімді қаржылай міндеттемелер	6 698	6 987	9 347
Қысқамерзімді міндеттемелер	9 652	11 494	11 580
<b>Барлық капитал мен міндеттемелер</b>	<b>126 090</b>	<b>138 760</b>	<b>160 537</b>

Негізгі мүлік құны 116 195 млн теңгені немесе активтер құнының 72%-ын құрады. 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы негізгі мүлік құнының 15 704 млн теңгеге немесе 15,6%-ға артуын кәсіпорындағы инвестициялық бағдарламалар аясында жүргізілген жаңа нысандарды енгізумен, өндірістік жабдықтарды қайта құру және жаңартумен түсіндіруге болады.

Компанияның міндеттемелері бойынша ұзақмерзімді міндеттемелер құрылымында Еуропа қайта құру және даму банкінің қарыздары ұлғайды. Ағымдағы кредиттік қоржынның диверсификация деңгейі жоғары, кредиттер бойынша орташа есеппелген мөлшерлеме 7%-ды құрайды. Есептік жылдың соңындағы жалпы қаржылық қарыз – 43 134 млн теңге, қаржылық левиридж – 0,5.

### Ақшалай қаражат

#### Ақшалай қаражат қозғалысы, млн теңге

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат	9 388	9 726	13 487
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат	(22 109)	(13 423)	(22 646)
Қаржы қызметінен түскен таза ақшалай қаражат	9 163	3 340	10 498
Жыл басындағы ақшалай қаражат	5 020	1 345	987
Валюта бағамының әсері ескерілгендегі ақшалай қаражаттың таза көбеюі/азайуы	(3 675)	(357)	(1 355)
Жылдың соңындағы ақшалай қаражат	1 345	987	2 342

#### Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат

2013 жылы операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза кірісі 13 487 млн теңге құрады. Операциялық қызметтен түскен кірістің оң қарқыны Компания пайдасының тұрақтылығы мен негізгі қызметінен түсетін ақша кірісінің үздіксіздігін көрсетеді. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының тұрақтылығы қарызды қамтамасыз етуге арналған ішкі ресурстарды береді және қаржыландырудың сыртқы көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін арттырады.

#### Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат

2013 жылы Компания сомасы 22 646 млн теңгеге тең ақша қаражатын инвестициялық қызметке жұмсады, бұл кәсіпорынның бекітілген инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталған.

#### Қаржы қызметінен түскен таза ақшалай қаражат

2013 жыл ішінде Компания 10 699 млн теңге сомасында ЕҚДБ-ның қаржыландыруына ие болды. 2013 жылдың қарашасында Компания алғашқы облигациялық шығарылым аясында Қазақстан қор биржасына (KASE) сомасы 1 106 млн теңгеге тең купон облигацияларын орналастырды. Компания тиісті резервтерді ұстау, кредиттік желілер мен банк қарыздарын тарту, ақшаның болжамды және нақты қозғалысына мониторинг жасау арқылы ақша қозғалысы мен қаржы левириджінің деңгейін басқарады.

#### 2013 жылдың іс жүзіндегі және жоспарлы көрсеткіштері

2013 жылдың нәтижелері бойынша іс жүзіндегі өндірістік көрсеткіштердің жоспардағыдан аздап ауытқығаны байқалды.

Электр энергиясын тауарлы босату бойынша жоспардан 8% ауытқу байқалды. Электр энергиясын тауарлы босату көлемі Павлодар облысының ірі өндірістік кәсіпорындары тұтыну көлемінің қысқаруы және сатып алынатын электр энергиясының орнын өзіндік өндіріспен толтыру есебінен 570 млн кВт-сағатқа азайды.


Жылу энергиясын коллекторлардан беру көлемінің 7% немесе 470 мың Гкал төмендеуіне тікелей тұтынушылардың белгіленген көлемдегі жылу энергиясын толығымен алмауы және сыртқы ауаның орташа жылдық температурасының жоғары болуы себеп болды.

#### Қызметтің өндірістік көрсеткіштері

Атауы	2013 ж. нақты	2013 ж. Жосп.	Ауытқ., %	2012 ж. нақты
Э/э өндіру, млн кВт-сағ.	6 137	6 143	0%	5 572
Э/э шиналардан беру, млн кВт-сағ.	5 253	5 198	1%	4 680
Ж/э өндіру, мың Гкал	6 132	6 602	-7%	6 454
Э/э тасымалдау, млн кВт-сағ.	3 456	3 614	-4%	3 424
Ж/э тасымалдау, мың Гкал	4 408	4 456	-1%	4 423
Э/э тауарлы босату, млн кВт-сағ.	6 506	7 079	-8%	6 547
Ж/э тауарлы босату, мың Гкал	9 567	9 963	-4%	9 837
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 061	986,5	7%	974
Белгіленген жылу қуаты, Гкал-сағ.	2 895	2 904	-0,3%	2 880
Э/э шығындары, %	10,10%	10,60%	-5%	11,10%
Ж/э шығындары, %	29,20%	29,30%	-1%	33,60%



# Корпоративтік басқару



## «ОАЭК» АҚ-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### Басқару органдары

Компания акционерлерінің Жалпы жиналысымен бекітілген «ОАЭК» АҚ Жарғысына сәйкес Қоғамның органдары келесілер болып табылады:

- жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Президент.

Компания келесілер арқылы алқалы басқару органдарының, ең алдымен, холдинг компанияларының Директорлар кеңесі жұмыстарының тиімділігін арттырады:

- Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, атқарушы орган және еншілес компанияларды басқарудың алқалы атқарушы органдары сияқты Қоғамның басқару органдары арасында өкілеттіліктерді бөлудің тиімді жүйесін жасау;
- Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері институтын дамыту;
- Директорлар кеңесі жанында комитет, жұмыс топтары сияқты мәжіліс және жұмыс органдарын құру;
- Қоғам аясында ақпараттық саясатты белгілеу.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі басқару органдары мен Компанияның ішкі бақылауының, акционерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың өзара әрекеттесу үдерісін реттейді және олардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі. Олар Корпорацияның сайтында берілген, ал жинақталған түрі 2010 жылы Корпорацияның Директорлар кеңесі қабылдаған «ОАЭК» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінде берілген.

Кодекс Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына толығымен сәйкес келеді. Кодекс корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Компаниядағы корпоративтік басқару мына қағидаттарға негізделеді:

- **Әділеттілік** — капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру;
- **Есеп берушілік** — Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы басшылыққа (Компания Президентіне) есеп берушілігі. Бұл қағидат есеп берушілік пен Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады, ал бұл Компания акционерлері мен инвесторларына негізді әрі оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді;
- **Жауапкершілік** — Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл қағидат Компания акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Компанияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі (қасақана ойластырылған немесе абайсызда болған) іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады;
- **Ашықтық** — Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш қағидат Компанияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді;
- **Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік** — Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты;
- **Тиімділік** — Компания Президенті мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгіледі, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті;

- **Бақылауға алушылық** — Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың белгіленген тиімді жүйесімен қатар ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттарды ұстану Компания қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Компанияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Компания қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

Акционерлердің Компания Жарғысында көрсетілген өз құқықтарын жүзеге асырудың негізгі тәсілі олардың Жалпы жиналысқа қатысуы болып табылады. Жыл сайын міндетті түрде акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізіледі. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің шешімі не болмаса атқарушы органның бастамасы бойынша кезектен тыс жиналыстар өткізіледі.

Қоғам акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитеттерге үміткерлерді ұсына алады және Директорлар кеңесінің мәжілісін жасай алады.

## 2013 ЖЫЛҒЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2013 жылы Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толығымен сәйкес келді.

2013 жылы акционерлердің 1 (бір) жылдық және 4 (төрт) кезектен тыс Жалпы жиналысы өткізілді. Акционерлердің Жалпы жиналысының назарында болған негізгі мәселелер:

- «ОАЭК» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау;
- «ОАЭК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының 2012 қаржылық жылдағы қаржылық есептерін бекіту;
- 2012 қаржылық жылдағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының инвестициялық бағдарламаларын жүзеге асыру үшін 107 000 000 еуро көлемінде ЕҚДБ-нен қаржыландыру алу туралы шешім.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Компанияның Директорлар кеңесі (ДК) стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды. Директорлар кеңесінің құрамына Компанияға қатысты алғанда, үлестес тұлғалар емес тәуелсіз директорлар кіреді.

Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелерінен және Директорлар кеңесі комитеттерінен келіп түскен ұсыныстарға сәйкес Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырып, олардың күн тәртібін белгілейді.

### Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат

2013 жылдың 25 қазанында «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталды, оның құрамы келесідей:



**Клебанов Александр Яковлевич** (1963 ж.т.)

Директорлар Кеңесінің Төрағасы

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы және акционері,  
«ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі болып табылады

**30.06.2004** «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК Төрағасы

**20.08.2007** «ОАОЭК» АҚ ДК Төрағасы

**16.03.2009** «ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы



**Амирханов Еркін Адамиянович** (1967 ж.т.)

Директорлар Кеңесінің мүшесі, Қоғам президенті

«ОАЭК» АҚ Президенті, акционері,  
«ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі болып табылады

**01.07.2001** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы

**30.06.2004** «Эксимбанк Қазақстан» ДК мүшесі

**20.08.2007** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі

**16.03.2009** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі

**28.05.2009** «Каустик» АҚ ДК Төрағасы

**22.04.2011** «ОАЭК» АҚ Президенті

**25.10.2011** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы

**25.02.2013** «АЭҮК» АҚ ДК Төрағасы



**Артамбаева Гульнара Джумағалиевна** (1969 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАОЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі болып табылады

**16.06.2000** «ОАОЭК» АҚ Президенті

**27.06.2002** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі

**27.06.2002** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі

**07.10.2002** «ПЭТК» АҚ ДК мүшесі

**31.03.2004** «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі

**27.04.2007** «ОАОЭК Инвест» ТЖАИҚ» АҚ ДК Төрағасы

**16.03.2009** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі

**07.07.2011** «АСТАНА» ЖЗҚ» АҚ ДК Төрағасы



**Мусин Искандер Аскатович** (1974 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

**10.09.2008** «Қазмұнайгазмаш» АҚ Бас директоры

**05.10.2010** «Қазмұнайгазмаш» АҚ ДК мүшесі

**18.03.2009** «Средаэнергомонтаж трест» АҚ ДК Тәуелсіз мүшесі

**05.05.2009** «Средаэнергомонтаж трест» АҚ ДК Тәуелсіз мүшесі

**15.04.2011** «АСТАНА» ЖЗҚ» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры

**22.08.2011** «ОАОЭК Инвест» ТЖАИҚ» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры

**25.10.2011** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры

**01.11.2011–31.10.2013** «Акмола электр желісін үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры



**Керр Манфред-Йозеф** (1947 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

**2003–2009** RWE Power International Ессен Вице-президенті

**2008–2010** RWE Power International Ессен Атқарушы директоры, Аға кеңесшісі

**25.10.2011** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры



**Кайзер Франц-Йозеф** (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

**17.11.1975–30.06.2009** Прайс Уотер-ХаусКуперс (PwC) серіктесі

**2005–30.06.2009** «ЕЭС России» РАҚ PwC жобасы бойынша серіктесі

**10.10.2009** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры



**Вуд Грэхэм Джон** (1951 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

**17.08.2009–01.03.2012** Freenergy AS, Tallinn ДК мүшесі

**01.11.2008** West Herts College, Watford ДК мүшесі, Аудит жөніндегі Комитеттің Төрағасы

**26.02.2009–01.04.2013** ENEA SA, Poznan Қадағалау кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі Комитеттің Төрағасы

**16.07.2012** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі



**Дас Деварши** (1972 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

**01.04.2006** Capital Advisor Partners PTE LTD (CapAsia) Аға директоры

**16.07.2012** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі



### 2013 жылғы Директорлар кеңесі қызметінің нәтижелері

2013 жылы Директорлар кеңесінің 6 мәжілісі өткізілді.

Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- «ОАЭК» АҚ еншілес компанияларының өндіретін қуаттылықтары мен электр желілерін жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға қатысты Еуропа қайта құру және даму банкінің ұсыныстарының шарттары мен ережелерін бекіту туралы мәселені қарастыру: «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан Электр желісін компаниясы» АҚ;
- «ОАЭК» АҚ үшін халықаралық рейтинг алу туралы мәселені қарастыру;
- «ОАЭК» АҚ 2012 жылғы бюджетінің орындалуын қарастыру;
- «ОАЭК» АҚ 2013 жылғы бюджеті мен бизнес жоспарына енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді қарастыру;
- «ОАЭК» АҚ Қазақстанның «KASE» қор биржасына облигациялар шығаруы;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2012 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2012 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның 2012 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- «ОАЭК» АҚ-ның 2012 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- Директорлар Кеңесі жанындағы Техникалық комитет туралы ережелерді бекіту;
- Директорлар Кеңесі жанындағы Стратегиялық комитет туралы ережелерді бекіту;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережелерді бекіту;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау;
- «ОАЭК» АҚ Корпоративтік хатшысын сайлау;
- 2014 жылғы «ОАЭК» АҚ-ның шоғырландырылған бизнес жоспарын бекіту;
- Азия даму банкінің қаржыландыруын тарту және қамтамасыз ету бойынша мәмілесін бекіту;
- Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің 2014 жылғы көзбе-көз мәжілістерінің күнтізбелік жоспарын бекіту.

Бизнес үдерістерді жетілдіру және қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда ішкі бақылау тетіктері жолға қойылған.

«ОАЭК» АҚ үшін ішкі бақылау жүйелі, барлық деңгейлерде стратегиялық және шұғыл басқаруға шоғырландырылған, өз қызметтерін жүзеге асырған кезде барлық бөлімшелерді қамтитын болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесі жанында Аудит жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол қаржы есептілігінің анықтығын қамтамасыз етіп, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру үшін қабылданған шешімдер мен үдерістерге мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

«ОАЭК» АҚ ақпараттық анықтық пен ашықтық саясатын ұстанады: Компания қызметі туралы ашық ақпарат дереккөздеріне орналастыру бойынша іс-шаралар жоспары қарастырылған. Осылайша, акционерлер Компанияда болып жатқан оқиғаларды үнемі бақылай алады.

### Сыйақылар

Атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2013 жылы Директорлар кеңесіне берілген сыйақылардың жалпы сомасы 44 858 мың теңгені құрады.

### Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

2013 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында төрт комитет жұмыс істеді:

- Аудит жөніндегі комитет (2010 жылы 25 ақпанда құрылды);
- Техникалық комитет (2012 жылы 6 наурызда құрылды);
- Стратегиялық комитет (2012 жылы 28 қарашада құрылды);
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті (2013 жылы 13 наурызда құрылды).

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Директорлар кеңесінің реттеу және қадағалау қызметтерін тиімді жүзеге асыруда, ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайтуда Директорлар кеңесіне көмектеседі. Комитет Директорлар кеңесіне өз тарапынан әрекет етуді талап ететін кез келген мәселелер бойынша ұсыныстарды жеткізеді.

Техникалық комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Ол Компаниядағы инвестициялық жобаларды уақытында және тиімді орындауды жүзеге асыруға оның мүшелерінің іс жүзінде қатысуын қамтамасыз етеді.

Стратегиялық комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру, жобаларды іске асыру және Компанияны дамыту стратегиясын орындауды бақылау үшін құрылған. Сондай-ақ, аталмыш Комитет Компанияның қызметін жоспарлау және дамыту тетіктерін жетілдіру жағынан Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Қоғамға және оның еншілес ұйымдарына бірыңғай кадрлық саясат дайындау және енгізу, бастық қызметіне үміткерлерді және Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының атқарушы органы мүшелерін, Ішкі аудит департаменті мен Тәуекелдерді басқару департаментінің директорларын, Корпоративтік хатшыны, басқа да органдар мен қосалқы бөлімшелерді сайлау немесе тағайындау үшін, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның қағидаттарын жүзеге асыру үшін құрылған.

**Директорлар кеңесі**

Аудит жөніндегі комитет	Техникалық комитет	Стратегиялық комитет	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті
<p><b>Франц-Йозеф Кайзер,</b> Төраға, Тәуелсіз директор</p> <p><b>Гульнара Артамбаева,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Грэхем Вуд,</b> Комитет мүшесі</p>	<p><b>Манфред-Йозеф Керр,</b> Төраға, Тәуелсіз директор</p> <p><b>Ерқын Амирханов,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Грэхэм Вуд,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Деварши Дас,</b> Комитет мүшесі</p>	<p><b>Мусин Искандер,</b> Төраға, Тәуелсіз директор</p> <p><b>Ерқын Амирханов,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Гульнара Артамбаева,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Франц-Йозеф Кайзер,</b> Комитет мүшесі</p> <p><b>Грэхэм Вуд,</b> Комитет мүшесі</p>	

**Атқарушы орган**

«ОАЭК» АҚ Президенті –  
**Амирханов Ерқын Адамиянович**

*Акционерлік қоғамның жарғы капиталында, сондай-ақ, еншілес және тәуелді ұйымдар капиталында үлесі жоқ.*

«ОАЭК» АҚ Президенті Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесі мен акционерлердің Жалпы жиыналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады.

**Қысқаша түйіндеме**

Еңбек жолын Болат және қорытпа институтында (Мәскеу қ.) бастаған. 1997–2008 жж. аралығында «Қазкоммерцбанк» АҚ, Павлодар Мұнай өңдеу зауытында, «Эйр Қазақстан» ЖАҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ басшылық қызметтерін атқарған.

Амирханов мырза энергетика, қаржы және экономиканың өзге де секторлары компанияларының тобын біріктіретін «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ акционері болып табылады. Қазіргі таңда холдингке кіретін кәсіпорындарға стратегиялық тұрғыдан басшылық етеді.

Ерқын Адамиянович Амирханов «Құрмет» мемлекеттік орденімен марапатталған, сондай-ақ, оған Астана қаласының 10 жылдығы және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы құрметіне орай мерейтойлық медальдар табыс етілген.



**КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ**



Корпорацияның ақпаратын ашудағы негізгі міндеттер:

- Салмақты шешім қабылдауға немесе Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті ақпарат беруде, сондай-ақ, Компанияның қызметін әлдеқайда толық түсінуге әсер ететін басқа да ақпаратты беруде акционерлердің, инвесторлардың, сондай-ақ, басқа да мүдделі тараптардың заңды құқықтарын сақтау мақсатында Компанияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытында ақпарат беру;
- Компания туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Компания мен акционерлер, ықтимал инвесторлар, нарыққа қатысушылар, мемлекеттік органдар және басқа да мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастардағы ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Компанияның жағымды имиджін қалыптастыру.

Корпорация Компанияға қатысу немесе Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа да әрекеттерді орындау туралы шешім қабылдауына қажетті Компанияның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен және көлемде акционерлер мен басқа да мүдделі тұлғаларға өз қызметі туралы ақпаратты үнемі беріп отырады. Компания акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпараттар тізімі компания Жарғысының 13-бабының 13.2-тармағында анықталған.

Компания сенімділік, қолжетімділік, толықтық және тұрақтылық, барлық мүдделі тұлғалардың бірдей ақпаратқа қол жеткізуінің теңдей мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, Компания ашықтығы мен қолданыстағы заңнамада, Жарғыда және Компанияның басқа да ішкі құжаттарында көзделген оның басқа да коммерциялық мүдделерін сақтау арасындағы саналы тепе-теңдік қағидаттарына негізделеді.

Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Компания қызметі туралы өздеріне мәлім болған құпия, инсайдерлік, коммерциялық және басқа да қызметтік ақпаратты жария етпеу бойынша міндеттемелерді қабылдайды, сондай-ақ, Компанияда өз міндеттемелерін орындау кезеңінде де, Компанияда жұмыс істеп болған соң бес жыл ішінде оны өз мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауға міндеттенеді. Инсайдерлік, коммерциялық және басқа да қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу және оны пайдалану тәртібін Компанияның Директорлар кеңесі белгілейді.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Компанияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Компанияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

Компанияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары мыналар болып табылады:

- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Компания мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету;
- акционерлердің құқықтарын құрметтеу және қатаң сақтау, сондай-ақ, олардың әл-ауқатын арттыру.

Компания өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсай алады.

Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Компания үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Компания акционерлерінің Жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамау ұсынысын білдіруге міндетті.



## Дивиденд төлеу

2013 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2012 жыл үшін 1 819 295 мың теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған. Дивидендтер толықтай төленді, бір акцияның табыстылығы 56,59 теңгені құрап, 31.12.2013 ж. жағдай бойынша, акцияның ағымдағы баланстық құны 2 712,93 теңге болды.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Ішкі аудит департаменті (ІАД) Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді. Департамент қызметіне Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

Ішкі аудит департаменті Қоғамның Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке орындалған жұмыс туралы жылдық есеп, сондай-ақ, әр тоқсанның қорытындысы бойынша тоқсан сайынғы есеп ұсынады.

Ішкі аудит департаментінің жұмысы Директорлар кеңесінің бір жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2013 жылы «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінде 6 аудитор болған, оның ішінде 4 маман «ОАЭК» АҚ-нда, ал 2 маман еншілес ұйымдарда болды.

2013 жылы Ішкі аудит департаменті «ОАЭК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында мына бағыттар бойынша 19 жоспарлы тексеру жүргізді:

- Шоғырландырылған қаржы есебінің ҚЕХС талаптарына сәйкестігін сынақтан өткізу;
- Бизнес үрдістерді ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау:
  - Қаржы есебін дайындау және шоғырландыру,
  - «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі үшін басқару есебін дайындау және құрастыру,
  - Салықтарды есептеу,
  - Кірістерді есептеу және дебиторлармен есеп айырысу;
- «ОАЭК» АҚ-ның «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС сияқты еншілес ұйымдарындағы негізгі мүлік пен тауарлық-материалдық қорларға ішінара инвентаризация жасау;
- Ішкі аудит департаменті мен «Делойт» ЖШС ұсыныстарын орындау бойынша Компанияның тарапынан жасалған түзету әрекеттерінің мониторингі;
- Кеңес беру жұмысы.

Жыл сайын ішкі аудиторлар біліктілік деңгейін арттырады. Департамент қызметкерлерін оқыту жоспарына көбіне ішкі аудит жүргізу рәсімдері мен әдістері, ішкі бақылау жүйелері, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару қағидаттары және Қоғамның негізгі бизнес үрдістерін жүргізу бойынша оқыту және біліктілікті арттыру кіреді. 2013 жылы ІАД ішкі аудиторлары «Эрнст энд Янг» бизнес академиясының тренингтеріне қатысты:

- Ішкі аудитке арналған тиімді коммуникация дағдылары;
- Ішкі аудит есебін құрастыру және жазу тәжірибесі;
- Ішкі бақылау: жобаның негізінде жүйенің тиімділігін бағалау.

ІАД ішкі аудиторлары «Moscow Business School» – Ішкі аудитор тренингіне қатысты.



# Тәуекелдерді басқару

Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі қолданылады

Тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) мен ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) жетілдіру кезінде Компания Трэдуэя комиссиясы (COSO) және Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) сияқты Де-меушілік ұйымдар әзірлеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Тәуекел менеджменті департаменті Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетке есеп береді. Департаменттің жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2013 жылы Тәуекел менеджменті департаменті мынадай негізгі жұмыстарды жүргізді:

- Бизнес үрдістердегі ІБЖ тиімді ұйымдастырылуына талдау жасау және сынақтан өткізу:
  - Жоспарлау және бюджеттеу,
  - Инвестициялық қызметті басқару,
  - Еңбек және қоршаған ортаны қорғау,
  - Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік,
  - Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарын қалыптастыру және енгізу;
- Компанияның Тәуекелдер реестрін және Тәуекелдер картасын өзектендіру;
- ІБЖ және тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша іс-шараларды орындау мониторингі;
- Компанияның негізгі қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару саласында оқыту;
- Компанияның өндіруші нысандарының мүлкіктік тәуекелдерін сақтандыру, мүлкіктік тәуекелдерді халықаралық қайта сақтандыру ұйымдарына қайта сақтандыруға беру бойынша сақтандыру брокерімен жұмыс істеу;
- Компанияның ТБЖ жетілдіру мақсатында тәуекелдердің негізгі индикаторларын әзірлеу (KRI) бойынша Әдістеме дайындау.

## «ОАЭК» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

2013 жылы жүргізілген Компания Тәуекелдерінің корпоративтік реестрі мен Тәуекелдер картасының өзектену қорытындылары бойынша ықтимал тәуекелдер анықталды, оларды Компанияның бекіткен Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес операциялық, қаржылық және құқықтық деп шартты түрде бөлуге болады.

### Операциялық тәуекелдер

2013 жылы Тәуекелдер реестрі мен картасына сәйкес қабылданған маңыздылық классификациясы мен деңгейіне сәйкес, Компанияның операциялық тәуекелдерін басқару қызметтің мынадай бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік;
- Технологиялық тәуекелдер;
- Қызметкерлерді басқару.

Еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді бақылау, сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында жарақаттану деңгейін төмендету бойынша көрсеткіштерді жақсарту мақсатында OHSAS 18001:2007 стандарты енгізіліп, сәйкестік сертификаттары берілген, сертификаттарды тәуелсіз сертификаттау органы тұрақты негізде растап отырады.



Өндірістегі технологиялық тәуекелдерді төмендету жабдықтың сенімділік деңгейіне үнемі мониторинг жасау, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасау, инвестициялық бағдарлама аясында жабдықтарды жаңарту бойынша жұмыстар жүргізу, тексерудің заманауи құралдарын сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

Кадрлық тәуекелдерді төмендету мақсатында Қызметкерлерді басқару департаменті Қызметкерлерді басқару саясатын әзірледі, онда Компания қызметкерлерін басқару жүйесін дамытудағы басым бағыттар айқындалған, еңбекақы төлеу дифференциалды тұрғыдан көтерілген, қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүзеге асырылуда, профильді оқу орындарымен ынтымақтастық бойынша жұмыстар жүргізілуде және т.б.

### Қаржылық тәуекелдер

**Өтімділік тәуекелі.** Компанияның өтімділік тәуекеліне ұшыраған жағдайлары бар, оның ішінде өтеу мерзімі келген кезде қаржы міндеттемелерін орындамау да орын алған. Компания өтімділік тәуекелін қаржы жағдайына, болжалған және іс жүзіндегі ақша қаражаты қозғалысына, капитал шығындары бойынша алдағы міндеттемелерге қатысты жоспарланған болашақты ескере отырып, Компанияның таза қарызына үнемі мониторинг жасау есебінен тиісті резервтерді, банктік қарыздарды, расталған кредиттік желілерді және айналымдағы капитал қорларын сақтау арқылы басқарады.

**Сатып алынатын жабдық, шикізат және материал бағаларының өсу тәуекелі.** Компания сатып алынатын көмір бағасының көтерілу қаупіне тәуелді, өйткені ЖЭО жабдықтары бір шығу көзінен сатып алынатын көмірдің белгілі бір түріне сәйкес жобаланған. Алайда Компанияның бұл тәуекелге және оның операциялық пайдаға әсер ету деңгейіне мониторинг жасау бойынша мүмкіндігі мемлекеттің көмірге деген бағаны реттеу деңгейімен және төтенше реттеу шараларының тетігі арқылы тарифті көтерудің орнын толтырумен қамтамасыз етілген.

**Нарықтық тәуекелдер.** Компания валюталық тәуекел мен пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне тәуелді. Компанияның АҚШ долларымен деноминацияланған айтарлықтай міндеттемелері бар. АҚШ долларының бағамын өзгерту тәуекелін басқару үшін Компания валютаның айырбастау бағамының өзгеруіне мониторинг жүгізеді. 2013 ж. «ОАЭК» АҚ валюталық тәуекелді хеджирлеу

бойынша операция жүргізілмеді, өйткені Қазақстанның қаржы құралдары нарығында өнімді қаржы құралдары болмады. Осыған орай, Компания АҚШ долларымен деноминацияланған депозиттерге еркін қаражат орналастыру, ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау арқылы табиғи хеджирлеу әдісін қолданады.


Компания пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығына тәуелді, өйткені пайыздық мөлшерлемелері өзгеріп тұратын қарыз қаражаты бар. ЕҚДБ қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық кредиттерге және LIBOR мен KazPrime депозиттері бойынша мөлшерлеме негізделеді. Кредиттік ресурстардың ұзақ мерзімділігі салымдардың инвестициялық сипаты есебінен тәуекелдердің аталмыш тобының Компанияны табиғи хеджирлеумен қамтамасыз етеді.

**Кредиттік тәуекел.** Контрагенттердің шарт талаптарын орындау нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекел контрагенттердің міндеттеме көлемі Компанияның сол контрагенттер алдындағы міндеттемелерінен артық сомамен шектеледі.

Кредиттік тәуекел концентрациясы бір тұтынушының немесе қызмет талаптары ұқсас тұтынушылар тобының бірнеше қарыз сомалары болған жағдайда туындауы мүмкін.

«ОАЭК» АҚ-нда экономиканың әртүрлі сегменттері ұсынған жоғары дифференциалды тұтынушылар қоржыны болуы мүмкін, бұл кредиттік тәуекел мүмкіндігін төмендетеді. Осылайша 2013 жылғы жағдай бойынша электр және жылу энергиясын тұтынушылардың дифференциациясы төмендегіше берілген:

### Электр және жылу энергиясын тұтынушылардың құрылымы



### Құқықтық тәуекелдер

Табиғатты қорғау (экологиялық) заңнама талаптарын бұзу маңызды тәуекел болып табылады. Компания басшылығы бұны құқықтық тәуекелдер санатына сәйкестендірген.

Бұл тәуекелді төмендету үшін компания 2012–2014 жж. арнап дайындаған Экологиялық және Әлеуметтік әрекеттер бағдарламасы (ESAP) негізінде, қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтау үшін мониторинг жүргізеді. Өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасы аясында қалдықтар көзін бақылау, эмиссия саны мен сапасын, олардың қарқынын бақылау жүзеге асуда. Негізгі бағыттардың бірі — инвестициялық бағдарлама іс-шарасында экологиялық параметрлерді жақсарту және тәуекелдердің бұл тобын тиісінше төмендету қарастырылған.



## Кадрлық және әлеуметтік саясат

«ОАЭК» АҚ кадрлық саясатының ең басты мақсаты — Компанияның даму стратегиясына сәйкес, жоғары кәсіби кадрлар құрамын қалыптастыру болып табылады

Кадрлық әлеуетті сақтау, орнын толтыру және дамыту бойынша міндеттерді шешуге арналған Саясаттың негізгі бағыттары:

- талапты, негізгі қызметкерлерді анықтау, оларды ұстап қалу Компания үшін маңызды;
- профильдік энергетикалық оқу орындары мен кафедраларына баса назар аударып, жоғары, орта және қосымша кәсіби білім беретін оқу орындарымен ынтымақтастықта болу;
- оқу орындарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, қызметкерлерді дайындау, қайта дайындау және оқыту жүйесін дамыту және оқытудың ыңғайлы технологияларын енгізу;
- мотивация жүйесін жетілдіру, әлеуметтік серіктестік жүйесін дамыту;
- кадрлық резервпен жұмысты күшейту.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ МЕН ОЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

31.12.2013 жылғы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 8 124 адамды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда адам санының 3,4%-ға өсу себебі:

- өндіріс пен энергияны сату көлемінің өсуіне;
- қызметкерлердің тұрақсыздығының төмендеуіне;
- бос орындарға қызметкерлерді қабылдауға байланысты.


2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы адам санының 3%-ға төмендеуі «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ұйымдық құрылымын жетілдіру бойынша іс-шаралар өткізумен байланысты болған.

«Басшылар» санатындағы қызметкерлер үлесі жалпы адам санының 14,4%-ын құрайды, бұл оңтайлы теңдестірілген көрсеткіш болып табылады.


### Қызметкерлердің санаты және жынысы бойынша құрылымы

Қызметкерлер санаты	Барлық адам саны	ерлер		әйелдер	
		адамдар	үлесі	адамдар	үлесі
Адам саны	8 124	4 019	49,5%	4 105	50,5%
Басшылар	1 169	678	58,0%	491	42,0%
Мамандар/қызметкерлер	2 046	761	37,2%	1 285	62,8%
Жұмысшылар	4 909	2 580	52,6%	2 329	47,4%


2011–2013 жылдарда Компаниядағы адам санының өзгеру динамикасы (адам)



Қызметкерлердің санаты бойынша құрылымы




**Қызметкерлер құрамының санаты бойынша еншілес компаниялардағы бөлінісі**




Қызметкерлерді Компаниялардың еншілес ұйымдарына санат бойынша бөлу бір қалыпты болып табылады.

Жалпы Компаниядағы жоғары білімі бар қызметкерлер саны 2012 жылмен салыстырғанда 1,6%-ға, ал 2011 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға артқаны байқалады.

**Жоғары білімді қызметкерлер үлесінің динамикасы (%)**



**Қызметкерлердің білімі бойынша құрылымы**



31.12.2013 ж. жағдай бойынша Компаниядағы энергетика саласында және профильді білім алу бойынша сырттай оқып жүрген қызметкерлер саны:


- жоғары – 117 қызметкер;
- техникалық және кәсіби – 83 қызметкер.

Компания қызметкерлерінің жас шамасы бойынша құрамы кәсіби еңбек қызметі үшін өнімді болып табылатын жас шамасындағы қызметкерлер үлесінің жоғарылығымен сипатталады, яғни 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны жалпы адам санының 53%-ын құрайды.

«ОАЭК» АҚ басқару аппараты және еншілес ұйымдар бойынша қызметкерлердің орташа жасы:

- «ОАЭК» АҚ – 37,1 жас;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – 42,3 жас;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – 39,8 жас;
- «Астанаэнергосбыт» ЖШС – 32,4 жас.

**Қызметкерлердің жас шамасы бойынша құрамы**



**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ**



Корпоративтік оқыту және дамыту жүйесі мынадай бағыттарды қарастырады: міндетті, нормативті оқыту, басқару құзыреттілігін дамыту, кәсіби құзыреттіліктерді дамыту.

Оқыту және дамыту жүйесінің көрсеткіштері	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Дайындықтан, қайта дайындықтан және біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	2 727	6 524	4 586
өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, АҚ және ТЖ бойынша міндетті түрде оқыған, жұмыс істеуге рұқсат алған	1 259	2 382	2 929
ISO9001, ISO14001, OHSAS 1800 CMЖ бойынша оқыған	931	60	72
біліктілікті арттыру, аттестаттау, қайта аттестаттау	537	1 689	1 585


Құрылыс және жабдықты (қысыммен жұмыс істейтін бу және ыстық су құбыр өткізгіштері, бу-су жылытатын қазандық, түтікше, жүк көтеретін крандар) қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес, 2012 жылы 2 393 қызметкер алғашқы оқуға қатысты.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ**

Компания қызметкерлерінің тұрақсыздық коэффициенті төмендеді, сөйтіп 2013 жылы 15,1%-ды құрады. 2013 жылы ахуалды жақсартуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы жүзеге асты:

- Жас мамандарды тарту үшін профильді мамандықтарға баса назар аудара отырып, жоғары және арнайы орта оқу орындарымен ынтымақтастықта болу;
- Жаңа қызметкерлердің жылдам бейімделуі үшін және тәлімгерлерді тәжірибесімен бөлісуге ынталандыру үшін тәлімгерлік институтын дамыту;

**Қызметкерлердің тұрақсыздық коэффициенті (%)**





- Тұрғын үй қорын кеңейтуде кәсіпорындардың мүмкіндіктерін бағалау;
- Еңбекке ақы төлеу қорының резервтерін анықтау және еркін қаражатты жалақыны көбейтуге жұмсау үшін кәсіпорынның штат санын үйлестіру.

## КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

2013 жылы 608 басшысы бар басқарудың жоғары, орта және бастапқы буындарының кадрлық резерві қалыптасты. Кадрлық резервтің дамуы резервтегі адамдарды кәсіби және ұйымдастыру-басқару тұрғыдан дайындаудың жеке жоспарларын әзірлеу негізінде жүзеге асады, оған оқыту, біліктілікті арттыру, машықтану, тәлімгерлік, басқару қызметтерін орындау, қызметкердің орнын уақытша ауыстыру жатады. Сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

«ОАЭК» АҚ кәсіпорындарының қызметкерлерін материалдық тұрғыдан ынталандыру және әлеуметтік жеңілдіктермен, кепілдіктермен қамтамасыз ету – еңбек өнімділігін, жалпы өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында қызметкерлерді ынталандырудың маңызды құралы болып табылады.

Компаниядағы қызметкерлерді ынталандыру жүйесіне қызметтік жалақы бойынша еңбек ақы төлеу, өтемақы және ынталандыру сипатындағы үстеме ақылар мен қосымша ақылар, жұмыстың негізгі көрсеткіштерін орындағаны үшін берілетін сыйақы жатады.

«ОАЭК» АҚ-нда еңбекке ақы төлеудің мерзімдік сыйлықақы жүйесі қолданылады.

Компаниядағы еңбекке ақы төлеудің мақсатты дәрежесі экономиканың өнеркәсіп секторындағы Қазақстан компанияларының нарығы бойынша сыйақының орташа деңгейіне сәйкес келеді.


### Қызметкерлердің кіріс құрамы

Тұрақты бөлік	Ауыспалы бөлік
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызметтік жалақы/мөлшерлеме</li> <li>• ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген қосымша ақы мен үстеме ақы</li> <li>• Корпоративтік стандарттармен белгіленген қосымша ақы мен үстеме ақы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тұрақты сыйақылар</li> <li>• Бір рет берілетін сыйақылар</li> <li>• Ұзақ мерзімді сыйақы төлемдері</li> </ul>

### Компаниядағы әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар

Мақсаттар	Әлеуметтік жиынтық
Ұзақ мерзімге жұмыс істеу үшін қызметкерлерді ынталандыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 5% көлемінде қосымша кәсіби зейнетақы жарналары</li> <li>• Зейнетақыға шыққан кездегі мерейтой күніне берілетін сыйақы</li> <li>• Кәсіби мереке және мерейтойлық күнге орай қызметкерлерге сыйақы беру</li> <li>• Компанияның ардагерлерін қолдау бағдарламасы</li> </ul>

Бір қызметкердің орташа табысының өсу қарқындылығы (%)



### Компаниядағы әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар

Мақсаттар	Әлеуметтік жиынтық
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 16 жасқа дейінгі балалардың лагеріне берілетін жолдама өтемі</li> <li>• Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарын өтеу, жатақханаға жеңілдіктер беру</li> <li>• Кәсіби жарысқа қатысқаны үшін сыйақы беру</li> <li>• Балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар</li> </ul>
Қызметкерлердің жұмысқа қабілеттілігін және денсаулығын қолдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндірістегі жазатайым жағдайлар мен аурулардан сақтандыру</li> <li>• Міндетті медициналық сақтандыру</li> <li>• Шипажай-профилактикалық емдеу шығындарын өтеу</li> </ul>
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бала туылуына орай материалдық көмек беру</li> <li>• Салт-жоралғыларға байланысты материалдық көмек беру</li> <li>• Ақысы төленетін оқу демалысы</li> </ul>
Спорттық сауықтыру шаралары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Спорт жарыстарына қатысушылардың тамақтану шығындарын өтеу</li> <li>• Бұқаралық-мәдени іс-шараларды және ұжымдық демалыс өткізу шығындарын өтеу</li> </ul>

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ



Компанияның еншілес ұйымдарының кәсіпорындарында саладағы қауіп-қатерлер мен жұмыс орындарындағы қауіптер ескеріле отырып, қызметкерлердің жұмыс істеуі үшін қауіпсіз жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін жақсарту аясында кәсіпорын халықаралық OHSAS 18001 стандартын басшылыққа алады.


Қызметі барысында кәсіпорындар кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саясатын жүзеге асырып, өзектендіреді, қызметкерлер үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз етеді және де сол үшін ресурс бөледі.

Қажет болған жағдайда кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметті үздіксіз жетілдіру мақсатында түзету іс-шаралары жүзеге асырылады.

Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар:

- кәсіби қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын жақсарту;
- профилактикалық медициналық іс-шаралар жүргізу арқылы қызметкерлерді сауықтыру.

**Жарақаттану жиілігінің коэффициенті (К<sub>ж</sub>)**



### Еңбекті қорғаудың басты көрсеткіштері

	2011	2012	2013
Жарақаттанған жағдайлар саны	12	8	3
Өткізілген өндірістік жиын саны	122	140	248
Өткізілген қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерінің саны	222	233	286

## СПОРТ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары тобының қызметкерлері спорттың бірнеше түрі бойынша жыл сайынғы Петропавл қалалық «Денсаулық» спартакиадасына белсенді түрде қатысады. Олар: қыс маусымында балық аулау, боулинг, бильярд, белгіленген жерде спорттық бағдарлау және т.б. 2013 жылдың қорытындысы бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы «Денсаулық» спартакиадасында бірінші орынға ие болды.

Сонымен қатар жыл сайын спорттың 12 түрі бойынша кәсіпорындар тобының ішінде ішкі спартакиада өткізіледі. 2013 жылы «СКӨЭК» АҚ-ның 50-жылдығына орайластырылған шағын футболдан ашық турнир ұйымдастырылды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жыл сайын теннистен Халықаралық «PAVLODAR-OPEN» ашық турнирін өткізеді.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларға арналған облыстық мектеп-интернатына үнемі қолдау көрсетіп тұрады. Тәрбиеленушілер тұратын үй-жайларға жыл сайын жөндеу жұмыстарын жүргізеді, демалыс кездерінде балаларды боулинг, аквапарк, кинотеатрларға апарады, кеңсе керек-жарақтарын, киім-кешек, жиһаз сатып әпереді. Қамқорлыққа алынған балалардың туған күндерінде және мектеп бітіру күні түлектерге сыйлық алу үшін ақшалай қаражат бөлінеді.

Кәсіпорындардың бәрінде ҰОС және еңбек ардагерлеріне, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге мерейтойлық және мереке күндері азық-түлік, ақшалай сыйақы, көмірмен жабдықтау сияқты материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіледі. Ардагерлердің үйлеріне барып, қызмет көрсетіледі, 9 мамыр қарсаңында концерттік бағдарламалар көрсетіліп, мерекелік түскі астар беріледі.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ЖҰМЫС

«ОАЭК» АҚ компаниясында кәсіподақ ұйымдары әрекет етеді. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ арасында 2012–2015 жылдарға арналған Ұжымдық шарттар жасалған.

2012 жылғы кәсіподақ ұйымдарындағы қызметкерлер саны – 5 702 адам, яғни жалпы қызметкерлер санының 73%-ын құрады, ал 2013 жылы – 5 644 адам, яғни 70%-ды құрады.

Компанияның еншілес ұйымдарында кәсіподақ комитетімен өзара әрекеттесу:

- Ұжымдық шарттар жасасу;
- Ұжымдық шарт талаптарының орындалуын бақылау;
- Келісу комиссиясындағы жұмыс;
- Еңбекті қорғау, денсаулық, жұмыс орындарын аттестаттау мәселелері бойынша кешенді тексеру жүргізетін комиссия жұмысына қатысу;
- Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларға көмек ұйымдастыру;
- Ардагерлер кеңесімен жұмыс істеу;
- Спорттық-сауықтыру және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу, қызметкерлердің балаларына жазғы демалыс ұйымдастыру, қызметкерлердің шипажай-профилактикалық мекемелерінде емделу құнының белгілі бір бөлігін өтеу;
- Еңбек тәртібі мен қызметкерлердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге көмектесу, демалыс кестелерін сақтау;
- Қызметкерлердің қалауы негізінде қажетті өнеркәсіптік санитария шаралары туралы ұсыныстар енгізу;
- Кәсіподақ ұйымдарында бар қызметкерлердің қызметіне қатысты ағымдағы мәселелер.



## Экологиялық саясат

«ОАЭК» АҚ-ндағы қоршаған ортаны қорғау мәселелері  
Компанияның Даму стратегиясында қарастырылған басым  
міндеттердің қатарында тұр

Компанияның экологиялық саясаты Қазақстан Республикасының 2004–2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік концепциясына, Экологиялық кодекске және Экологиялық және Әлеуметтік Әрекеттер жоспары алға қойған міндеттер негізінде 14000 сериялы ISO стандарттарына сәйкес әзірленді.

2009 жылдан бастап Компания Инвестициялық бағдарлама аясында Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландыратын жобаларының қоршаған ортаны қорғауға қатысты саясатына сәйкес, Экологиялық және Әлеуметтік Әрекеттер (ESAP) жоспарын жүзеге асыруда. Экологиялық және Әлеуметтік Әрекеттер жоспары Компанияның экологиялық параметрлерін және «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарындағы еңбекті қорғауға бағытталған болып табылады. Компания ESAP аясында жасалған жұмыс туралы бұқаралық есеп береді.

Экологиялық саясаттың негізгі қағидаттары:

- электр және жылу энергиясы өндірісінің барлық кезеңдерінде энергияны үнемдеу және табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану;
- электр және жылу энергиясы өндірісінің қалдық көлемін қысқарту және оларды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз пайдалану;
- апаттылықты төмендетуге және алдын алуға, қоршаған табиғи ортаға тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу;
- электр және жылу энергиясы өндірісінің технологиялық үдерістерін жетілдіру;
- экологиялық ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі, орын алған апат, экологиялық салдар және оларды жою шаралары туралы мүдделі тараптардың бәріне тез арада хабарлау.

Қоршаған ортаны ластаудың алдын алу – электр және жылу энергиясы өндірісі кезінде шұғыл қызметке қатысты барлық шешімдерді қабылдау кезінде айқындаушы болып табылады. Жаңа технологияларды енгізу кезінде олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерінің деңгейі, энергетикалық және табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігі бағаланады.

Құрылыс, қайта құру бойынша барлық жаңа жобаларда қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға тигізетін әсерді бағалау» атты арнайы тарау әзірленеді. Қазақстанның экологиялық стандарттарына сәйкестігі аясында барлық жобалар мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізіледі.

Компания кәсіпорындары 2013 жылы рұқсат етілген қалдықтар шегінен тыс нормативтердің көтерілуіне жол бермеді. Қабылданған экологиялық саясатты ұстана отырып, «ОАЭК» АҚ жаңа технологиялар енгізіп, Қазақстан Республикасында бекітілген стандарттарды өндірудің экологиялық параметрлерінің дамуын қамтамасыз етуде.

### 2013 жылғы атмосфераға шығатын ластаушы заттар қалдығы, тонна

Атауы	ПАВЛОДАРЭНЕРГО		СЕВКАЗЭНЕРГО		ОАЭК	
	лимит	нақты	лимит	нақты	лимит	нақты
Көмірдің күлі*	12 435	9 308	5 752	4 916	18 187	14 225
Азот диоксиді	17 611	9 892	5 076	5 046	22 688	14 938
Азот тотығы	2 859	1 629	825	820	3 684	2 449
Күкірт ангидридi	32 100	26 238	26 711	17 448	58 812	43 686
Көміртек тотығы	2 790	2 109	3 810	3 318	6 601	5 427
Басқалары	133	120	11	4	145	124
<b>Барлығы</b>	<b>67 930</b>	<b>49 297</b>	<b>42 186</b>	<b>31 551</b>	<b>110 116</b>	<b>80 848</b>

\*бейорганикалық шаң-тозаң 70–20% кремний қос тотығы



## Қаржы есептілігі

### 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай жөнінде шоғырландырылған есеп

МЫҢ ТЕҢГЕ

АКТИВТЕР	31.12.2013	31.12.2012
<b>ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>		
Негізгі қаражат	116 195 184	100 491 319
Гудвилл	2 424 419	2 424 419
Бейматериалдық активтер	155 503	95 349
Кейінге қалдырылған салық активтері	144 249	145 087
Өзге ұзақ мерзімді активтер	10 156 288	6 996 689
Қолдануы шектелген ақшалай қаражаттар	331 805	242 906
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>129 407 448</b>	<b>110 395 769</b>
<b>АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР</b>		
Тауарлық-материалдық қорлар	4 750 996	3 353 885
Саудалық дебиторлық қарыз	9 574 879	9 651 081
Берілген аванстар	1 364 973	1 018 365
Өтелетін салықтар және алдын ала төленген салықтар	1 213 698	1 165 182
Өзге дебиторлық борыш	2 057 403	2 692 330
Өзге қаржылық активтер	9 263 602	9 115 805
Қолдануы шектелген ақшалай қаражаттар	562 530	381 126
Ақша қаражаты	2 341 928	986 622
<b>Барлық ағымдағы активтер</b>	<b>31 130 009</b>	<b>28 364 396</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>	<b>160 537 457</b>	<b>138 760 165</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	37 590 045	37 590 045
Қосымша төленген капитал	1 348 105	1 348 105
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	18 020 220	19 236 528
Бөлінбеген табыс	30 412 816	22 560 077
<b>Барлық капитал</b>	<b>87 371 186</b>	<b>80 734 755</b>
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Шығарылған облигациялар	14 885 375	13 678 521
Ұзақ мерзімді қарыздар	18 901 770	9 752 949
Болашақ кезеңдегі табыстар	1 065 350	1 122 250
Ұзақ мерзімді кредиторлық борыш	36 457	40 711
Күл үйінділерінің топырақ құрамын қалпына келтіру бойынша міндеттемелер	481 235	253 348
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер	98 905	92 071
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	16 770 481	14 604 204
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>	<b>52 239 573</b>	<b>39 544 054</b>

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай жөнінде шоғырландырылған есеп (жалғасы)**

мың теңге

	31.12.2013	31.12.2012
<b>АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	645 519	583 028
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	2 969 013	1 991 364
Күл үйінділері топырағын қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	—	155 427
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	9 633	8 841
Қысқа мерзімді қарыздар	5 732 077	4 413 223
Сауда-несиелік борыш	7 079 878	7 905 116
Алынған аванстар	2 797 512	2 139 741
Төленетін табыс салығы	—	1 968
Төленетін салықтар мен бюджеттен тыс төлемдер	747 449	441 584
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	945 617	841 064
<b>Барлық ағымдағы міндеттемелер</b>	<b>20 926 698</b>	<b>18 481 356</b>
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	<b>160 537 457</b>	<b>138 760 165</b>

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық табыс жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

	31.12.2013	31.12.2012
<b>ТАБЫСТАР</b>	<b>83 070 553</b>	<b>74 496 765</b>
<b>ӨЗІНДІК ҚҰНЫ</b>	<b>(63 212 430)</b>	<b>(59 155 300)</b>
<b>ЖАЛПЫ ПАЙДА</b>	<b>19 858 123</b>	<b>15 341 465</b>
Жалпы және әкімшілік шығындар	(5 877 105)	(5 235 035)
Іске асыру бойынша шығындар	(1 312 758)	(1 098 898)
Қаржылық шығындар	(2 376 140)	(2 416 229)
Қаржылық табыстар	643 753	646 730
Курс айырмашылығы бойынша шығын	(27 532)	(2 281)
Өзге табыстар	468 379	792 233
<b>САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС</b>	<b>11 376 720</b>	<b>8 027 985</b>
<b>ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР</b>	<b>(2 803 935)</b>	<b>(1 963 669)</b>
<b>ТАБЫС ЖӘНЕ 1 ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕ ЖАЛПЫ КІРІС</b>	<b>8 572 785</b>	<b>6 064 316</b>

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	31.12.2013	31.12.2012
Салық салуға дейінгі табыс	11 376 720	8 027 985
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	4 740 838	4 009 206
Қаржылық шығындар	2 376 140	2 416 229
Күмәнді қарыздар бойынша резерв есептеу	300 500	406 499
Негізгі қаражаттың шығып қалу шығындары	19 820	—
Еңбеккерлерді марапаттау шығындары	23 500	34 662
Депозитте орналасқан ақша қаражатынан түсетін пайыздық табыс	(409 623)	(429 367)
Пайызсыз қарыздардың әділ құнына дейінгі түзетулер амортизациясы	(160 475)	(181 591)
Еңбеккерлерге берілген гарантиялық салымдар мен ссудтар бойынша пайыздық табыс	(12 298)	(8 889)
Курс айырмашылығы бойынша кіріс/(шығын)	(67 739)	2 281
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу	13 570	8 348
Тауарлы-материалды қорлардың құнсыздануына резервтер есептеу	5 047	11 275
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы	18 206 000	14 296 638
Айналымдық капиталдың ұлғаюы (азаюы), оның шінде барлығы	(1 433 446)	(1 742 551)
Тауарлы-материалдық қорлардың ұлғаюы	(1 402 158)	(736 127)
Сауда несиелік борыштың ұлғаюы/(азаюы)	74 543	(2 226 423)
Берілген аванстың ұлғаюы/(азаюы)	(368 567)	83 850
Алдын ала төленген және қайтарылған салықтардың азаюы	647 982	471 431
Өзге несиелік қарыздың азаюы/(ұлғаюы)	372 035	(406 579)
Сауда несиелік қарыздың ұлғаюы/(азаюы)	(1 001 145)	1 607 814
Алдағы кезеңдер табысының азаюы	(94 443)	(87 004)
Алынған аванстардың ұлғаюы	657 771	221 515
Төленетін салық және бюджеттен тыс төлемдердің азаюы	(303 641)	(392 408)
Еңбеккерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің азаюы	(15 874)	(14 358)
Күл үйінділері топырағын қалпына келтіруге байланысты міндеттемелердің азаюы	—	(155 427)
Өзгі міндеттемелер мен есептелген шығындардың ұлғаюы	51	(108 835)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	16 772 554	12 554 087
Төленген табыс салығы	(669 907)	(412 406)
Төленген пайыздар	(2 615 515)	(2 415 192)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>	<b>13 487 132</b>	<b>9 726 489</b>

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөнінде шоғырландырылған есеп (жалғасы)**

мың теңге

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	31.12.2013	31.12.2012
Депозиттен алынған ақша қаражаты	5 785 446	12 993 852
Депозитке орналастырылған ақша қаражаты	(6 217 992)	(10 113 330)
Негізгі қаражатты иелену	(19 552 201)	(15 141 756)
Негізгі қаражатты иеленуге берілген аванстардағы өзгерістер	(3 186 190)	(2 315 577)
Бейматериалдық активтерді иелену	(84 582)	(36 836)
Негізгі қаражаттың шығып қалуынан түскен түсімдер	82 591	135 350
Орналастырылған депозиттерге есептелген пайыздық түсімдер	527 018	1 054 997
<b>Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары</b>	<b>(22 645 910)</b>	<b>(13 423 300)</b>
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	31.12.2013	31.12.2012
Облигацияларды орналастырудан түскен түсімдер	1 106 167	2 613 360
Облигацияларды өтеу	—	(6 308)
Қарыздар түсімі	20 748 300	10 250 889
Қарыздарды өтеу	(9 536 695)	(8 634 029)
Дивидендтерді төлеу	(1 819 295)	(883 505)
<b>Қаржылық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары</b>	<b>10 498 477</b>	<b>3 340 407</b>
<b>АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ)</b>	<b>1 339 699</b>	<b>(356 404)</b>
<b>ЕСЕПТІК ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ</b>	<b>986 622</b>	<b>1 344 978</b>
<b>ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА КУРСЫ ӨЗГЕРІСІНІҢ ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚАЛДЫҒЫНА ӘСЕРІ</b>	<b>15 607</b>	<b>(1 952)</b>
<b>ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ</b>	<b>2 341 928</b>	<b>986 622</b>

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капиталдағы өзгерістер жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Қорытынды капитал
<b>1 қаңтар 2012 ж.</b>	<b>37 590 045</b>	<b>1 348 105</b>	<b>20 448 020</b>	<b>16 376 282</b>	<b>75 762 452</b>
1 жылдағы табыс және өзге жалпы табыстар	—	—	—	6 064 316	6 064 316
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	—	—	(1 211 492)	1 211 492	—
Жарияланған дивидендтер	—	—	—	(883 505)	(883 505)
Акционерге пайызсыз қаржылық көмекті 52 214 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған табыс салығын есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету	—	—	—	(208 508)	(208 508)
<b>31 желтоқсан 2012 ж.</b>	<b>37 590 045</b>	<b>1 348 105</b>	<b>19 236 528</b>	<b>22 560 077</b>	<b>80 734 755</b>
Кезеңдегі табыс	—	—	—	8 572 785	8 572 785
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	—	—	(1 216 308)	1 216 308	—
Жарияланған дивидендтер	—	—	—	(1 819 295)	(1 819 295)
Акционерге пайызсыз қаржылық көмекті 52 214 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған табыс салығын есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету	—	—	—	(117 059)	(117 059)
<b>31 желтоқсан 2013 ж.</b>	<b>37 590 045</b>	<b>1 348 105</b>	<b>18 020 220</b>	<b>30 412 816</b>	<b>87 371 186</b>

# Глоссарий

**Агрегаттың (стансаның) қолданылатын қуаттылығы** — өндіруші агрегаттың (стансаның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.

**Әуелік электр желісі** — электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.

**Белгіленген қуаттылық** — турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.

**Бу турбины** — энергетикалық турбомашина, жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.

**Гигакалория** — жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.

**Гигакалория / сағат** — белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.

**Градирня** — ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.

**Гудвилл** (ағылш. *goodwill*) — компанияның бағасы мен оның барлық активтерінің таза құны арасындағы айырмашылық.

**Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру** — электр өндіргіштің бу турбинысын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі.

**Жылу электр орталығы** (ЖЭО, *жылытатын электр стансасы*) — электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр стансасы.

**Қазандық агрегаты** — отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.

**Калория** (*кал*) — жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі.

**Күл** — отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).

**Күл үйіндісі** — жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және кәдеге жаратуға арналған жер.

**Мегаватт** — электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.

**Қолданылатын қуаттылық** — техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі

және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.

**РҚШ томы** — рұқсат етілген қалдықтар шегі нормативтерінің жобасы.

**Сорғы** — энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.

**Сорғы қондырғысы** — сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.

**Стансадағы белгіленген жылу қуаты** — жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.

**Трансформатор** (*лат. transformare — өзгерту, түрлендіру*) — энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидро трансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.

**Турбина** — бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.

**Турбоагрегат** — бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбины, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.

**Шағын станса** — электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.

**Электрді әуемен беру желісі** — электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.

**Электрді беру желісі** (ЭБЖ) — электр энергиясын электр стансасынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.

**Энергожүйенің белгіленген электр қуаты** — энергожүйедегі электр стансаларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.

**Эмульгатор** — фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.

# Қысқартылған сөздер тізімі

**COSO** Трэдуэя Комиссиясының демеушілік ұйымдары комитеті

**CTF** (ағылш. қысқ. Clean Technology Fund) Таза технологиялар қоры

**EBITDA** салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш

**ESAP** Экологиялық және Әлеуметтік Әрекеттер жоспары

**ISO** Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым

**KEGOC** «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ

**OHSAS** Халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі

**2-ПЖЭО** 2-Петропавл жылу электр орталығы.

**АЕК** айлық есептік көрсеткіш

**АҚ** акционерлік қоғам

**АЭЖ** аудандық электр желісі

**ӘЖ** әуелік желілер

**БАҚ** бұқаралық ақпарат құралдары

**Гкал** гигакалория

**Гкал-с** гигакалория / сағат

**ГЭС** гидро электр стансасы

**ҒӨБ** ғылыми-өндірістік бірлестік

**ЕҚДБ** Еуропа Қайта құру және Даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD)

**ЖКЕАЖ** Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі

**ЖОС** жеке оқшаулағыш сым

**ЖТҚ** жиынтық тарату құрылғысы

**ЖШС** жауапкершілігі шектеулі серіктестік

**ЖІӨ** жалпы ішкі өнім

**ЖЭО** жылу электр орталығы

**ИИҚ** Ислам Инфрақұрылымдық қоры

**кВт-с** киловатт / сағат

**КЖ** кабельді желілер

**КҰҚ** күлді ұстау құрылғысы

**ҚҚС** қосымша құн салығы

**ҚОМЖ** қоршаған орта менеджменті жүйесі

**МАЭС** мемлекеттік аудандық электр стансасы

**МВт** мегаватт

**МУИИДБ** Мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы

**ОАОЭК** «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ

**ОАЭК** «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ

**ПЭ** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

**ПЭТК** «Павлодар Электр желісін тарату компаниясы» АҚ

**СКЭ** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

**СҚ ЭТК** «Солтүстік Қазақстан Электр желісін тарату компаниясы» АҚ

**СПЖ** сапа менеджменті жүйесі

**ТБЖ** тәуекелдерді басқару жүйесі

**ЭБЭЖ** электрді берудің әуелік желілері

**ЭБЖ** электрді беру желілері

**ЭКЕАЖ** Электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі

# Байланыс ақпараты

## «ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

«ЦАЭК» АҚ бас кеңсесінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89

Электрондық пошта: [info@energy.kz](mailto:info@energy.kz)

Телефондары: +7 (727) 258-49-41

Факс: +7 (727) 258-49-42

### Инвесторлармен және акционерлермен жұмысқа жауапты тұлғалар

Аты-жөні/Қызметі	Байланыс ақпараты
<b>Карягин Андрей Валерьевич,</b> «ОАЭК» АҚ экономика және қаржы мәселелері бойынша вице-президенті	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-41 факс: +7 (727) 259-66-43
<b>Касымханова Карлыгаш Эрбулатовна,</b> «ОАЭК» АҚ бас бухгалтері	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-47 факс: +7 (727) 259-66-43
<b>Жумадилов Талгат Мухтарович,</b> «ОАЭК» АҚ корпоративті хатшысы	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-40 факс: +7 (727) 259-66-43

## АУДИТОР

«ОАЭК» АҚ аудиторы **«Делойт» ЖШС** болып табылады, орналасқан мекенжайы:

ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби көш., 36, «Нұрлы-Тау» БО.

Телефондары: +7 (727) 258-13-40

Факс: +7 (727) 258-13-41

## ТІРКЕУШІ

**«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ** (Алматы қ. Әділет департаментінің 11.01.2012 ж. берген 1678-1910-02-АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі).